

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 27 тамыздағы
отырысында мақұлданды
№ 28 хаттама

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
2025–2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ
БОЛЖАМЫ**

Екінші кезең

Қазақстан Республикасының орта мерзімді кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленеді және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің ресми web-сайтында (<http://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/>) орналастырылады.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010555>).

Елдің және өңірлердің бесжылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін болжамдау әдістемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 10 бұйрығымен бекітілген (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022123>).

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамында мынадай аббревиатуралар пайдаланылады:

- | | |
|-----------------|--|
| 1. АӨК | - агроөнеркәсіптік кешен |
| 2. АХҚО | - «Астана» халықаралық қаржы орталығы |
| 3. ӘМАТ | - әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары |
| 4. ӘЭДБ | - Қазақстан Республикасының Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы |
| 5. БҰҰ | - Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| 6. ДСҰ | - Дүниежүзілік сауда ұйымы |
| 7. ЕАЭО | - Еуразиялық экономикалық одақ |
| 8. ЖІӨ | - жалпы ішкі өнім |
| 9. ҚХР | - Қытай Халық Республикасы |
| 10. МЖӨ | - мемлекеттік-жекешелік әріптестік |
| 11. НКИ | - нақты көлем индексі |
| 12. п.т. | - пайыздық тармақ |
| 13. ТХКБ | - Транскаспий халықаралық көлік бағыты |
| 14. ТМД | - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы |
| 15. ТМС | - табиғи монополиялар субъектілері |
| 16. ТжКБ | - техникалық және кәсіптік білім беру |
| 17. ТКШ | - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық |
| 18. СЖРА | - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі |
| 19. Ұлттық Банк | - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| 20. Ұлттық қор | - Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры |
| 21. ХВҚ | - Халықаралық валюта қоры |
| 22. ШОБ | - шағын және орта бизнес |
| 23. ЭЫДҰ | - Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы |

МАЗМҰНЫ

I. Қазақстан Республикасы экономикасының даму қорытындылары	4
Елдің 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы	4
2023 жылғы есептік және болжамды деректердің алшақтығын талдау	5
Қазақстан экономикасының ағымдағы даму серпіні	6
II. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы	7
Сыртқы даму факторлары	7
Дамудың сценарийлік шарттары	9
Базалық сценарий кезіндегі экономика салаларының өсу болжамы	14
III. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары	17
Макроэкономикалық тұрақтылық	17
Экономика салаларын дамыту	21
Бизнес-ахуал және бәсекелестік	25
Инвестициялық тартымдылық	27
Цифрландыру және инновация	28
Адами капитал	29
Мемлекеттік басқару жүйесі	32
Өңірлік даму	32
Экономикалық интеграция	32
IV. Мемлекеттік қаржының тұрақтылығы	33
Мемлекеттік қаржының тұрақтылығын бағалау	33
Жоспарлы кезеңге арналған бюджет параметрлерінің болжамы	33
Ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың болжамын қоса алғанда, мемлекет міндеттемелерінің параметрлері	40

Қосымша. Болжамды деректер:

2025–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму

2025–2027 жылдарға арналған бюджет пен Ұлттық қор параметрлері

I. Қазақстан Республикасы экономикасының даму қорытындылары Елдің 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы

Әлемдік экономика 2023 жылы экономиканың әртүрлі салаларына әсер ететін геосаясатқа байланысты белгісіздік жағдайында дамыды.

Сонымен қатар 2023 жыл қорытындысы бойынша Қазақстанның экономикасы 5,1 % деңгейінде серпінді өсімге қол жеткізді. Тауар өндірісі 4,4 %-ға, көрсетілетін қызметтер – 5,2 %-ға өсті.

Экономикалық өсу қарқыны өнеркәсіпті, құрылысты, қызмет көрсету секторын дамыту есебінен қамтамасыз етілді.

Өнеркәсіптік өндіріс 4,4 %-ға өсті. Өңдеу өнеркәсібінің өсімі – 4 %, тау-кен өнеркәсібінің – 4,8 % құрады.

Өңдеу өнеркәсібі салаларының бөлінісінде машина жасау – 28,2 %, оның ішінде автомобиль жасау – 36,9 %, электр жабдықтары – 38,7 %, сонымен бірге тамақ өнімдері – 2,1 %, металл бұйымдары – 12,1 %, құрылыс материалдары – 7,4 %, пластмасса бұйымдары өндірісінде – 10,5 %, жеңіл өнеркәсіпте – 12,2 % өндірістің өсуі қамтамасыз етілді.

Ауыл шаруашылығында өнімдердің жалпы шығарылымы 7,4 %-ға төмендеді.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 15,1 %-ға артты. 17,8 млн ш. м тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2022 жылғы деңгейден 13,8 %-ға көбірек.

Инвестициялық белсенділік 11,2 %-ға, 17 649,3 млрд теңгеге дейін өсті. Инвестицияның айтарлықтай өскені ақпарат пен байланыста – 2,2 есеге, денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтерде – 60,8 %-ға, көлік пен қоймада – 48,8 %-ға, саудада – 14,1 %-ға, білім беруде – 12,3 %-ға байқалды.

2023 жылда сыртқы сауда айналымының көлемі 3 %-ға өсіп, 139,6 млрд АҚШ долларын құрады. Экспорт 6,4 %-ға төмендеп, 79,1 млрд АҚШ долларын құрады, импорт 18,6 %-ға 60,4 млрд АҚШ долларына дейін өсті. Оң сауда теңгерімі 18,7 млрд АҚШ долларын құрады.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елдің халықаралық резервтері 2023 жылдың басына қарай 5,7 %-ға өсіп, 96 млрд АҚШ долларын құрады. Алтын-валюта активтері 36 млрд АҚШ долларына дейін 2,5 %-ға, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері – 60 млрд АҚШ долларына дейін 7,7 %-ға өсті.

Халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табысы 2023 жылда 181,9 мың теңгені құрады және номиналды мәнде – 15,8 %-ға, нақты мәнде – 1,1 %-ға өсті. Орташа айлық жалақы 364,3 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 17,6 %-ға, нақты мәнде – 2,7 %-ға өсті.

Жұмыссыздық деңгейі 2023 жылда 4,7 %-ды құрады.

Жылдық мәндегі инфляция 9,8 %-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 8,5 %-ға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы – 9,1 %-ға, ақылы көрсетілетін қызметтер бағасы – 12,4 %-ға өсті.

Жетекші халықаралық кредиттік агенттіктер Moody's, Fitch және Standard&Poor's Қазақстанның экономикалық өсу серпініне оң баға бере отырып, Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін инвестициялық сенімділік

деңгейінде растады. Бұл ретте, Moody's агенттігі рейтинг бойынша болжамын тұрақтыдан жағымдыға жақсартты.

2023 жылғы есептік және болжамды деректердің алшақтығын талдау

Әлемдік экономикадағы жағдайды және 2022 жылғы ЖІӨ бойынша жедел деректерді ескере отырып, ӨЭДБ-да 2023 жылғы арналған негізгі макроэкономикалық параметрлер сақталды, бұл ретте республикалық бюджеттің параметрлері нақтыланды (*Үкімет отырысының 2023 ж. 28 ақпандағы № 8 хаттамасы*).

2023 жылы Қазақстанның ЖІӨ-нің нақты өсуі 4 % деңгейінде бағаланды (*СЖДА ҰСБ-нің деректері бойынша 2022 жылы ЖІӨ 3,2 % құрады*). ЖІӨ-нің бұрын мақұлданған болжамды деңгейін сақтауға халықаралық қаржы ұйымдарының бағалауы бойынша әлемдік перспективаларының күтілетін нашарлауы да ықпал етті: 2023 жылға арналған әлемдік экономиканың өсу болжамын Халықаралық валюта қоры 3,2 %-дан 2,9 %-ға дейін (*2023 жылғы қаңтар*), Дүниежүзілік банк – 2,9 %-дан 1,7 %-ға дейін (*2023 жылғы қаңтар*) төмендетті.

Бұл ретте 2023 жылы ЖІӨ-нің өсімі 5,1 %-ды құрады, бұл мақұлданған болжамды мәннен 1,1 п.т-ға жоғары.

Экономиканың барлық базалық салаларында оң нәтижеге қол жеткізілді.

Мәселен, 2023 жылы *өнеркәсіп өндірісінің көлемі* 4,4 %-ға өсті. Тау-кен өнеркәсібінде өндірістің төмендеуіне және өңдеу өнеркәсібі салаларының өндіріс көлемдерінің болжамнан ауытқуына байланысты болжамды мәнге қол жеткізбеу 0,2 п.т. құрады.

Тау-кен өнеркәсібінде темір кендерінің 6,5 %-ға (*болжау кезінде – 103,1 %*) өндіру көлемінің қысқаруына байланысты болжамды мәннің жеткізбеуі 1,6 п.т. құрады.

Өңдеу өнеркәсібі 4 %-ға өсті, бұл машина жасау өндірісінің – 28,2 %-ға (*болжау кезінде – 6 %*), резеңке және пластмасса бұйымдар өндіру өндірісінің – 10,5 %-ға (2 %), өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру өндірісінің – 7,4 %-ға (4 %) ұлғаюы есебінен болжамды мәннен 0,8 п.т. жоғары.

Бұл ретте металлургия өндірісі – 2,7 %-ға (*факт – 1,8 % төмендеу*), тамақ өнімдерін өндіру 3 %-ға (*2,1 %-ға өсу*) ұлғаяды деп күтілді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару Ақмола (2022 ж. НКИ – 74,7 %), Қостанай (84,2 %), Солтүстік Қазақстан (84,7 %) облыстардағы қолайсыз ауа-райына байланысты жалпы егін жинаудың төмендеуіне байланысты 7,4 %-ға азайды (*болжамды өсу 3 % кезінде, қол жеткізбеу – 10,4 п.т.*).


Құрылыс саласындағы өндірістің өсуі Жетісу облысында спорт кешендері мен Ш. Уәлиханов атындағы мемориалдық музей-бақ, Батыс Қазақстан облысында Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнында магистральдық құбыр, Маңғыстау облысында көпфункционалды қонақүй-туристік кешені, су жинау құрылысының және теңіз суын тұщыландыру қондырғысының кешені, ауданішілік инженерлік желілер, Қызылорда облысында тұрғын үйлер, кеңселер, су құбыры, электр және магистральдық жылу желілері, қойма үй-жайлары, сауда үйі, өнер орталығы, әуежай, облыстық қан орталығы, сондай-ақ спорт, сауда және сервис объектілері,

көппәтерлі ғимараттар, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым және автомобиль жолдарын салу есебінен болжамдық 3,8 %-ға қарағанда 15,1 %-ды құрады.

Көлік саладағы қызметтер көлемі 17 %-ға өсті (болжамды мәннен +13,7 п.т. жоғары).

Өз кезегінде сауда 7,9 %-ке өсті (болжамды мәннен +1,7 п.т. жоғары). Өсім көтерме саудада сату қарқынының 12,8 %-ға және бөлшек сауданың 7,7 %-ға өсуімен шартталған.

1-сурет. Осу (төмендеу) қарқыны мен болжамды және нақты деректердің арасындағы алшақтық, %-бен



Жалпы Қазақстанның нақты және болжамды ЖІӨ арасындағы ауытқуы соңғы бес жылда орташа есеппен 3,7 % құрады, бұл халықаралық болжау тәжірибесіне сәйкес келеді.

Қазақстан экономикасының ағымдағы даму серпіні

2024 жылғы қаңтар-шілдеде ЖІӨ-нің өсуі 3,5 %-ды құрады. Өсім тауарлар және көрсетілетін қызметтер өндірісінің 3,7 %-ға ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

Өнеркәсіп өндірісі 2,9 %-ға өсті, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі – 5,1 %-ға, тау-кен өндіру өнеркәсібі – 0,5 %-ға өсті.

Өңдеу өнеркәсібінің қарқынына машина жасау өндірісінің – 4,7 %-ға, металлургия – 9,2 %-ға, химия өнеркәсібі – 7,4 %-ға, металл бұйымдар өндірісінің – 29,8 %-ға өсуі ықпал етті.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 3,7 %-ға ұлғайды.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 8,7 %-ға өсті. 8,9 млн ш.м астам тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2023 жылғы сәйкес кезеңнің деңгейінен 4,2 %-ға жоғары.

Бұл ретте негізгі капиталға салынған инвестициялар 0,4 %-ға өсті. Инвестициялардың көлемін ұлғайту ақпарат және байланыс саласында (2,2 есе), кәсіби, ғылым және техникалық қызметінде (70,1 %-ға), білім беру саласында (54,1 %-ға), көлік және қоймалау саласында (42,9 %-ға) байқалды.

Елдің халықаралық резервтері 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ағымдағы жылдың басына қарағанда 7,3 %-ға өсіп, 103 млрд АҚШ долларын құрады. Алтын-валюта активтері 41,8 млрд АҚШ долларына дейін 16,3 %-ға, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 61,1 млрд АҚШ долларына дейін 1,9 %-ға ұлғайды.

Халықтың жан басына шаққандағы ақшалай кірістері 2024 жылғы маусымда 197,1 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 8,2 %-ға өсті, нақты мәнде 0,2 %-ға төмендеді.

2024 жылғы шілдеде инфляция жылдық мәнде 8,6 %-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 5,5 %-ға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы 7,3 %-ға, ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы 14,5 %-ға өсті.

Әлемдік экономикадағы ағымдағы жағдайды ескере отырып, 2024 жылы ЖІӨ өсуі 6 % деңгейінде таргеттеледі. Номиналды ЖІӨ 2024 жылы 134,3 трлн теңге көлемінде болжанады. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 14,5 мың АҚШ доллары деңгейінде бағаланады.

Өнеркәсіп көлемінің өсуі – 3,3 %, ауыл шаруашылығында – 12,4 %, құрылыста – 10 %, көлік саласында – 8 %, сауда саласында – 9,2 % деңгейінде күтілуде.

Экспорт көлемі – 80,8 млрд АҚШ долларына дейін, импорт көлемі – 59,6 млрд АҚШ долларына дейін өседі деп күтілуде.

Инфляцияның нысаналы дәлізі 6-8 % деңгейде анықталған. Инфляция деңгейінің біртіндеп төмендеуіне инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенін іске асыру есебінен бағаларды тұрақтандыру және дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізу ықпал ететін болады.

II. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын болжау сыртқы және ішкі факторлардың өзгеруін ескере отырып жүзеге асырылады.

Сыртқы даму факторлары

Әлемдік экономика жаһандық пандемия, геосаяси шиеленіс және жоғары инфляция салдарынан кейін баяу қалпына келуін жалғастыруда.

Алайда, өсу қарқыны әлі де баяу болып қалуда.

Дүниежүзілік банктің болжамына сәйкес, жақын арада экономиканың өсу қарқыны төмен болады және көптеген дамушы елдер «тұзаққа» түседі: қарыздың жоғары деңгейі дамуға кедергі келтіреді және халқының үштен біріне жуығы азық-түлік тапшылығы проблемасына тап болады. Олардың өсу перспективаларының нашарлауы қаржылық талаптардың қатаңдауына да, бюджет кеңістігінің қысқаруына және мардымсыз сыртқы сұранысқа байланысты болады.

Сондай-ақ, бірқатар ірі экономикаларда, атап айтқанда АҚШ-та өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде, бұл жоғары пайыздық мөлшерлемелерге, тұтыну шығындарының төмендеуіне және еңбек нарығындағы жағдайдың нашарлауына байланысты.

Бұл ретте Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер етуі

мүмкін әлеуетті тәуекелдер сақталады.

Оларға геосаяси шиеленістің өсуі, ақша-кредит саясатының қатаңдауы, шектеулі фискалдық кеңістік және әлемдік сауданың әлсіреуі және басқалары жатады.

Жаһандық инфляцияның баяулауына қарамастан, қақтығыстардың кез келген эскалациясы және климаттық күйзеліс энергия тасымалдаушылар мен азық-түлік бағасының өсуіне әкелуі мүмкін.

Бұл ретте, тұтастай алғанда, тәуекелдер теңгерімді болып табылады.

Геосаяси шиеленістің өсуі және шикізат тауарлары бағасының өсуі

Орта мерзімді перспективада геосаясат әлемдік экономика үшін негізгі тәуекелдердің бірі болып қала береді. Геосаяси қақтығыстар жеткізілімнің жаһандық тізбегін, қаржы нарықтарын, қауіпсіздік динамикасын және саяси тұрақтылықты айтарлықтай бұзуы мүмкін.

Жаңа геосаяси толқулар мұнай жеткізуді қиындатуға, инфляцияны жеделдетуге және әлемдік экономикалық өсуді бәсеңдетуге қабілетті ірі қақтығысқа әкеп соғуы мүмкін.

Негізгі сауда жолдарының бірі болып табылатын Қызыл теңіздегі жағдай ұсыныс саласындағы жағдайды нашарлатады. Нәтижесінде азық-түлік, энергия көздері және көлік қызметтері бағаларының өсуі, сондай-ақ контейнерлерді теңіз арқылы тасымалдау құнының айтарлықтай өсуі мүмкін.

Сонымен қатар, геосаяси шиеленіс елдердің экономикасына ықтимал қауіп төндіруін жалғастыруда.

Табиғи апаттар және қоршаған ортаға байланысты басқа қауіптер

Қазіргі уақытта климаттық күн тәртібінің өзектілігі артып келеді.

2011 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезең тарихтағы ең жылы кезең болды. Сонымен қатар БҰҰ сарапшыларының бағалауы бойынша климаттың өзгеруі 2024 жылы өте қарқынды болып, оның үстіңгі қабатына, мұхиттарға, мұз жабындарына және атмосфераға әсер етеді.

Климаттың өзгеруі және оған байланысты ауа-райының жиі және қарқынды экстремалды өзгеруі азық-түлік бағасының көтерілуіне, азық-түлік қауіпсіздігінің нашарлауына ықпал етуі және жаһандық дезинфляция процесіне қауіп төндіруі мүмкін.

Климаттың өзгеруі әлемдік сауда желісінің стратегиялық маңызды «өткізу пункттеріне» – тауарлардың көп көлемі өтетін тасымалдау маршруттарындағы маңызды нүктелерге әсер етуі мүмкін.

Инфляцияның тұрақтылығы

Ірі экономикасы бар елдерде инфляцияның баяу төмендеуі және жеткізілім тізбегіндегі шиеленістің қайта басталуы пайыздық мөлшерлемелерге қатысты күтудің артуына және активтер бағасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Өз кезегінде, мұндай салдарлар қаржылық тәуекелдердің артуына, жаһандық қаржылық жағдайлардың қатаюына, капиталды қауіпсіз активтерге шығаруға және АҚШ доллары бағамының нығаяуына әкелуі мүмкін.

Жоғары пайыздық мөлшерлемелердің созылмалы кезеңі

Қазіргі уақытта пайыздық мөлшерлемелер әлемдік қаржы дағдарысынан

кейін байқалған төмен деңгейден едәуір жоғары.

Пайыздық мөлшерлемелерді жоғары деңгейде ұстау бюджеттің қарызға қызмет көрсету шығындарын арттырады, бюджетке қысымды күшейтеді және қаржылық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Олар несиеге қолжетімділікті шектеуге, инвестициялар мен тұтынуды азайтуға, дамушы нарықтарға инвестицияларды азайтуға әкеледі.

Жоғары пайыздық мөлшерлемелер ынталандырушы бюджет саясатын пайдалану мүмкіндігін шектейді.

Бюджеттік шоғырландыруға тұрақсыздандыратын көшу

Қазіргі уақытта қарыздың өсіп келе жатқан деңгейіне байланысты әлемдік экономика бюджеттік шоғырландыру мәселесіне тап болып отыр.

Алайда салықтарды көбейту және шығындарды белгіленген нормалардан тыс азайту үшін тым қатал шаралар қабылдау жақын арада экономикалық өсуге кері әсерін тигізуі мүмкін.

Нарықтардың мұндай әрекеттерге реакциясы шоғырландырудың сенімді орта мерзімді жоспарлары жоқ немесе қарыз дағдарысының қаупі бар елдер үшін проблемалар туындытуы мүмкін, бұл оларды қатаң шаралар қабылдауға мәжбүр етеді.

Табысы төмен елдерде және дамушы нарықтарда борыштық жағдайдың нашарлау қаупі сақталуда, бұл тұрақты экономикалық өсуге ықпал ететін қажетті инвестициялар үшін мүмкіндіктерді шектейді.

Қытайдың экономикалық өсуінің баяулауы

Жылжымайтын мүлік секторындағы болжамнан артық құлдырау инвестициялардың айтарлықтай және біршама қысқаруына әкелуі мүмкін. Бұл ретте Қытайдың құрылыс секторындағы бірқатар проблемалар көршілес салаларға: металлургия, энергетика және т.б. салаларға қысым көрсетеді. Бұл өз кезегінде ішкі өсу, сондай-ақ оның сауда әріптестері үшін жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін.

Қытай үшін басты мәселе – жеке тұтынуды тежейтін факторлардың бірі болып табылатын жастар арасындағы жұмыссыздықтың күрт өсуі.

Сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қаржыландыруды шектеуге, сондай-ақ үй шаруашылығын тұтынуды қысқартуға жауап ретінде фискалдық саясаттың қатаңдауы мүмкін.

Қытай экономикасының жағдайы энергия тасымалдаушылардың әлемдік бағасына, ішкі инвестициялық белсенділікке, атап айтқанда инфрақұрылымды дамытуға және құрылысқа тікелей әсер етеді.

Қытай экономикасындағы тұрақсыздық әлемдік нарықтарында құбылмалылықтың өсуіне әкелуі мүмкін.

Дамудың сценарийлік шарттары

Қазақстанның элеуметтік-экономикалық даму сценарийлерін қалыптастыру үшін әлемдік экономиканың өсу перспективаларымен қатар Brent маркалы мұнайға, металдарға әлемдік бағалардың серпіні, сондай-ақ әлемдік қаржы нарықтарындағы ахуал ескеріледі.

Жетекші халықаралық ұйымдардың болжамдарына сәйкес, әлемдік


экономиканың даму перспективалары ағымдағы жылы шамалы өсу жағына қарай қайта қаралды.

Осылайша, ХВҚ 2024 жылғы шілдедегі болжамында әлемдік экономиканың өсімін 2024 жылғы 3,2 % деңгейінде сақтап қалып, 2025 жылғы өсу болжамын 3,3 %-ға дейін жақсартты.

Дүниежүзілік банк 2024 жылғы қаңтардағы болжаммен салыстырғанда 2024 жылғы маусымда әлемдік экономиканың өсімін 2024 жылы 2,6 %-ға дейін арттырды, 2025 жылы – күтілетін өсімді 2,7 % деңгейінде сақтап қалды.

БҰҰ 2024 жылғы қаңтардағы болжаммен салыстырғанда, 2024 жылғы мамырда әлемдік экономиканың күтілетін өсімін 2,4 %-дан 2,7 %-ға дейін арттырды, 2025 жылы 2,7 %-дан 2,8 %-ға дейін өседі деп күтілуде.


2-сурет. Әлемдік экономиканың өсуі бойынша болжам



ХВҚ болжамына сәйкес экономикасы дамыған елдерде өсу қарқыны 2024 жылғы 1,7 %-дан 2025 жылы 1,8 %-ға дейін шамалы өседі деп күтілуде.

Елдік бөліністе 2023 жылы экономиканың өсуі Қытайда 5,2 % деңгейінде байқалады. АҚШ-та ЖІӨ өсімі – 2,5 %, Ресей Федерациясында – 3,6 %, Еуроаймақта – 0,5 % құрады.

3-сурет. ХВҚ-ның жекелеген елдердің өсуі туралы болжамы



Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің даму перспективаларын қарастыра отырып, Қытай және Ресейде 2024–2025 жылдары экономикалық өсу қарқынының біршама төмендеуі күтілетінін атап өткен жөн.

2024 жылы ҚХР экономикасының өсуі 5 % деңгейінде болжанады және 2025 жылы одан әрі 4,5 %-ға дейін баяулайды деп күтілуде.

Ресейдің экономикалық өсу болжамы 2024 жылы – 3,2 %, 2025 жылы – 1,5 % деңгейінде күтілуде.

2024 жылы АҚШ экономикасының өсуі 2,6 % деңгейінде болжанады, содан кейін 2025 жылы 1,9 %-ға дейін баяулайды.

Еуроаймақта белсенділіктің аздап қалпына келуі күтілуде. 2024 жылы экономиканың өсу қарқыны 0,9 % деңгейінде, одан әрі 2025 жылы 1,5 %-ға дейін өседі деп күтілуде.

Мұнай нарығында бағалар әлемдегі геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты өзгереді. Brent маркалы мұнайдың бағасы 2024 жылдың 1 тоқсанында барреліне 81,8 АҚШ долларын, 2 тоқсанында – барреліне 85 АҚШ долларын, шілдеде – барреліне 83,9 АҚШ долларын құрады.

Бұл ретте Brent маркалы мұнайдың бағасы бойынша 2024 жылға арналған МҚҰ консенсус-болжамдары барреліне 84,2 АҚШ долларын, 2025 жылға – барреліне 77,7 АҚШ долларын құрады.

ХВҚ-ның шілде айындағы болжамына сәйкес, мұнай бағасы 2024 жылы барреліне 81,3 АҚШ долларын, 2025 жылы барреліне 76,4 АҚШ долларын құрайды деп болжануда.

Дүниежүзілік банк мұнай бағасын 2024 жылы барреліне 84 АҚШ долларын және 2025 жылы – барреліне 79 АҚШ долларын құрайды деп болжайды.

Қазақстан экономикасының дамуына әсер ететін әртүрлі сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып, бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуды болжау үш сценарий бойынша жүзеге асырылады.

Базалық сценарий әлемдік экономиканың тұрақты қалыпты өсу қарқынын, инфляция жағдайын төмендетуді, қаржы және тауар нарықтарындағы тұрақтылықты көздейді. Экономикасы дамыған елдерде іскерлік белсенділіктің қалыпты өсу қарқынымен артуы күтілуде. Дамушы елдерде жаһандық экономикалық процестердегі өзгерістерге бейімделу және жаңа экономикалық және логистикалық байланыстар құру жалғасатын болады.

Оптимистік сценарий әлемдік экономиканың даму көрсеткіштерінің жақсаруын білдіреді. Әлемдік нарықтардағы неғұрлым қолайлы жағдай және жаһандық жеткізу тізбегінің бұзылуын барынша азайту қалыпқа келу және жаһанданудың жаңа жағдайына жылдам көшуге ықпал етеді. Бұл процестер дамыған елдерде де, дамушы елдерде де экономикалық белсенділіктің неғұрлым қарқынды өсуіне әкеледі.

Пессимистік сценарий дамушы елдердің құбылмалылыққа бейімделу процесінің баяулауымен және сауда-санкциялық қарама-қайшылықтардың шиеленісуімен сипатталады. Тауарлардың тапшылығы, көрсетілетін қызметтердің шектеулі болуы және белгісіздіктің жоғары деңгейі төмен тәуекелді инвестициялау стратегиясына бағыттайды, бұл экономикалық белсенділік пен қалпына келу процестерінің өсуін айтарлықтай тежейді.

Қазақстан экономикасы дамуының макроэкономикалық параметрлерін болжамдау бойынша базалық сценарий барреліне 75 АҚШ доллары деңгейіндегі мұнай бағасына сүйене отырып есептелген.

Нәтижесінде экономиканың орташа жылдық өсуі 5,4 %-ды, оның ішінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің өсуі орта есеппен тиісінше 5,3 % және 5,6 % деңгейін құрайды.

Тауар экспорты 2025 жылы 82,3 млрд АҚШ долларына жетеді және 2029 жылы 90,0 млрд АҚШ долларына дейін өседі деп күтілуде. Бұл ретте импорт 61,3 млрд АҚШ долларын құрап, 2029 жылы 67,5 млрд АҚШ долларына дейін өседі.

1-кесте. Әртүрлі сценарий кезіндегі ел экономикасының параметрлері

Сценарий	2025	2026	2027	2028	2029
Экономиканың өсуі, өткен жылға %					
Базалық	105,6	105,4	105,5	105,1	105,6
Оптимистік	105,7	106,3	106,9	106,7	106,7
Пессимистік	103,7	103,7	103,9	103,2	103,7
Тауарлар экспорты, млрд АҚШ доллары					
Базалық	82,3	85,8	89,1	88,8	90,0
Оптимистік	93,0	96,4	100,2	99,7	101,0
Пессимистік	71,8	74,4	76,9	76,4	77,1
Тауарлар импорты, млрд АҚШ доллары					
Базалық	61,3	63,0	64,6	66,1	67,5
Оптимистік	62,3	64,1	65,7	67,2	68,7
Пессимистік	57,3	59,4	60,9	62,3	63,7
Республикалық бюджеттің кірістері, млрд теңге					
Базалық	15 633,6	16 701,9	18 204,0		
Оптимистік	16 084,7	17 240,1	18 920,9		
Пессимистік	14 935,9	15 756,6	17 028,4		

Экономиканың өсуі бюджет кірістерінің ұлғаюына оң әсер етеді (трансферттерді есепке алмағанда). 2025 жылы түсімдер 15 633,6 млрд теңге көлемінде күтілуде және 2027 жылы 18 204,0 млрд теңгеге дейін өседі.

Оптимистік сценарий мұнай бағасы барреліне 90 АҚШ доллары деңгейіндегі болжаммен есептелген.

ЖІӨ-нің орташа жылдық өсуі 6,5 %-ды құрайды, оның ішінде тауарлар өндірісінің өсуі орта есеппен 5,8 %-ды, көрсетілетін қызметтер өндірісінің өсуі 6,8 %-ды құрайды.

Биржалық тауарлар нарығындағы оң жағдайдың сақталуы және азық-түлік өнімдері әлемдік бағасының өсуі қазақстандық экспорттың кеңеюіне оң әсерін тигізеді. Оптимистік сценарийде тауарлар экспортының көлемі 2025 жылғы 93,0 млрд АҚШ долларынан 2029 жылы 101,0 млрд АҚШ долларына дейін

ұлғаяды. 2025 жылы импорт көлемі 62,3 млрд АҚШ доллары деңгейінде күтіледі және 2029 жылы 68,7 млрд АҚШ долларына дейін өседі.

Экономика салаларындағы шығарылымның жоғары өсуі республикалық бюджет кірістерінің ұлғаюына ықпал етеді.

2025 жылы бюджет кірістері 2027 жылы 18 920,9 млрд теңгеге дейін өсумен 16 084,7 млрд теңге көлемінде күтілуде.

Пессимистік сценарий кезінде мұнай бағасы барреліне 60 АҚШ долларын құрайды. Экономиканың орташа жылдық өсуі 3,6 %-ға дейін, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісі тиісінше 4,1 %-ға және 3,4 %-ға дейін баяулайды.

Әлемдік сұраныстың азаюы және тауар нарықтарындағы бағаның төмендеуі қазақстандық экспортқа кері әсерін тигізеді. Тауарлар экспорты 2029 жылы 77,1 млрд АҚШ долларына дейін ұлғаюмен 2025 жылы 71,8 млрд АҚШ долларын құрайды. 2025 жылы импорт көлемі 57,3 млрд АҚШ доллары деңгейінде, 2029 жылы 63,7 млрд АҚШ доллары деңгейінде күтілуде.

2025 жылы кірістер 2027 жылы 17 028,4 млрд теңгеге ұлғаюмен 14 935,9 млрд теңгені құрайды.

Ел экономикасының қалыптасып отырған даму үрдістерін және әлемдік экономикадағы жағдайды ескере отырып, болжамды макроэкономикалық және бюджет параметрлерін қалыптастыру кезінде **базалық сценарий** негізге алынды.

Пессимистік сценарий басталған жағдайда макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономика мен ШОБ-тың нақты секторын қолдау, сондай-ақ халықты әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі іс-шараларды қамтитын экономикалық белсенділікті ынталандыру шараларын іске асыру болжанады. Бұл ретте рецессияның сипатына және ахуалдың мониторингіне байланысты шаралар қайта қаралуға және экономиканың өзекті жай-күйіне бейімделуге жатады.

Базалық сценарий кезіндегі экономикалық өсу факторлары

Базалық сценарий бойынша Қазақстан экономикасы тұрақтандыру және өзгерістерге және көліктік, сол сияқты қаржылық ағындардың халықаралық саудасы мен логистикасын жүргізудің жаңа қағидаттарына бейімделу аясында дамиды болады.

2029 жылға дейін экономикалық өсуді қолдау факторы негізгі капиталдың жалпы жинақтауының жоғары серпіні болады, олардың орташа жылдық өсуі 8,7 %-ды құрайды. Түпкілікті тұтыну шығысының орташа жылдық өсу қарқыны 4,4 %, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортының және импортының орташа жылдық өсу қарқыны – тиісінше 1,8 % және 1,6 % деңгейінде күтіледі.

2-кесте. 2025–2029 жылдарға арналған түпкілікті пайдалану әдісімен есептелген ЖІӨ құрамдауышының болжамды көрсеткіштері, өткен жылға қатысты %-бен

	2025	2026	2027	2028	2029
	Болжам				
Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ	105,6	105,4	105,5	105,1	105,6
Түпкілікті тұтыну шығысы	104,2	104,5	104,5	104,5	104,5
<i>үй шаруашылығы</i>	104,5	104,5	104,5	104,5	104,5
<i>басқару органдары</i>	104,5	104,5	104,5	104,5	104,5
Жалпы жинақтау	107,2	107,9	108,0	108,0	109,4
<i>Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы</i>	108,0	108,6	108,7	108,5	109,9
Таза экспорт					
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспорты	102,4	102,3	102,3	101,6	100,6
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің импорты	100,5	101,5	101,9	103,2	101,0

Базалық сценарий кезіндегі экономика салаларының өсу болжамы

Базалық сценарий бойынша Қазақстан экономикасы әрі көлік, әрі қаржы ағындарының халықаралық сауда мен логистика жүргізу өзгерістері мен жаңа негіздерін тұрақтандыру және оған бейімделу аясында дамуын жалғастырады.

Экономика салаларының даму болжамы: Қазақстан экономикасының нақты өсуінің орташа жылдық қарқыны – **5,4 %**.

Ауыл шаруашылығы: жылдық орташа өсу – **5,3 %**.

Ауыл шаруашылығын дамыту еңбек өнімділігін ұлғайту, ауылдық аумақтар мен ауыл шаруашылығын теңгерімді дамыту, отандық өндірісті азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету және АӨК өнімінің экспортын ұлғайту арқылы саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Аграрлық ғылымды дамыту, сондай-ақ заманауи технологиялар трансфертін белсенді ынталандыру саладағы еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен экспорттауды ынталандыру мақсатында ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеудің жаңа және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын жүктемелеуге, салуға және жаңғыртуға бағытталған кешенді шараларды іске асыру жалғастырылады.

2025–2029 жылдары **өнеркәсіп өнімінің** көлемі жылына орта есеппен **4,1 %-ға** өсетін болады.

Тау-кен өнеркәсібі: орташа жылдық өсу – **2,9 %**.

Негізінен тау-кен өнеркәсібінің өсуі мұнай өндіруді ұлғайту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ кен орындарында өндірісті кеңейту есебінен **мұнай өндіру** көлемі 2025 жылы **97,2 млн тоннадан** 2029 жылы **104,8 млн тоннаға** дейін ұлғаяды деп болжануда.

Өңдеу өнеркәсібі: орташа жылдық өсу – **5,8 %**.

Өңдеу өнеркәсібінің орнықты және сапалы даму көрсеткіштері бәсекелестік артықшылықтарды күшейту үшін қосылған құны жоғары тауарлар экспортына бағдарлана отырып, өнімділік пен сапаның өсуі болады. Күш-жігер проактивті сауда саясатын жүргізуге, нарықтық және инновациялық ортаны, технологиялар трансфері жүйесін, сапалы өнеркәсіптік және цифрлық инфрақұрылымды, адами капиталды, құзыреттер орталықтарын, Қазақстанның жаһандық нарықтағы позицияларының, сынақ және сертификаттау инфрақұрылымын дамытуға бағытталатын болады.

Құрылыс: орташа жылдық өсу – **9,3 %**.

Республикалық маңызы бар автожолдарды, жергілікті жолдарды салу мен реконструкциялауды, сондай-ақ объектілерді салуды қоса алғанда, ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жоспарланған.

«Инвестициялар орнына тариф» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерін реконструкциялау жоспарлануда.

Қызмет көрсету саласы: орташа жылдық өсім – **5,6 %**.

Қазақстандағы қызмет көрсету секторы ел экономикасына елеулі үлес қосып, ЖІӨ-нің 56,4 %-ын құрайды. Сектор сауда, көлік, телекоммуникация, қаржы, жылжымайтын мүлік және мемлекеттік басқару сияқты көптеген қызмет түрлерін қамтиды.

Көрсетілетін қызметтер секторының өсуіне негізгі әсер **сауда** саласына тиесілі, оның орташа жылдық қарқыны **7,1 %-ды** құрайды.

Бұл саланы дамыту ішкі сауданың тиімділігін арттыру, сауда инфрақұрылымын жетілдіру арқылы сауда саласындағы еңбек өнімділігін арттыру есебінен ынталандырылатын болады.

Бұл ішкі сауданы мемлекеттік қолдау жүйесін қалыптастыру, биржалық сауданы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, көтерме сауда жүйесін халықаралық транзиттік желіге интеграциялау, ішкі сауданы (*ақпараттық, талдамалық және өзге*) қатысушыларға сервистік қолдау көрсетуді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, инвестицияларды тарту және тұтастай алғанда Қазақстанның сауда жүйесін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, бәсекеге қабілетті көліктік-логистикалық жүйені дамыту және құру қажет.

Көлік және қоймалау саласындағы көрсетілетін қызметтердің өсуі орта есеппен **8,2 %-ды** құрайды. Геосаяси «турбуленттілік» жағдайында ЕАЭО-ның бірқатар елдері сыртқы сауданы қайта бағдарлайды және жаңа логистикалық маршруттарды дамытады. Бұл ретте көліктік өзара байланыстың дәстүрлі логистикалық тізбектерінің бұзылуы «Солтүстік – Оңтүстік» және ТХКБ дәліздерінің рөлі едәуір артатын мемлекеттер арасындағы орнықты өсу мен экономикалық байланыстар нығайуының негізгі факторына айналады.

Көлік әлеуетін кеңейту жаңа теміржол желілерін іске қосу, Ақтау портында контейнерлік хаб салу, автожол инфрақұрылымын дамыту және

магистральдық маршруттарды реконструкциялау арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Кешенде елдің барлық инфрақұрылымын дамыту ұлттық инфрақұрылымдық жоспар шеңберінде 2029 жылға дейін жүзеге асырылатын болады.

Ақпарат және байланыс қызметтерінің өсуі 2025–2029 жылдары жылына орта есеппен **9,5 %**-ға инфокоммуникациялық технологиялардың бәсекеге қабілетті экспортқа бағдарланған ұлттық секторын қалыптастыру, экономиканың барлық секторларын цифрландыру және интернет желісіне жоғары жылдамдықпен қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің болжамы

Ұлттық Банк орта мерзімді кезеңде **депозит** бойынша 2029 жылы 71,3 трлн теңгеге дейін өсу болжануда, оған экономиканың өсуі және халық табысының тиісті өсуі ықпал ететін болады.

Қорландыру көзі ретінде депозиттік базаның өсуі **экономиканы кредиттеуді** қолдайтын болады, бұған экономика мен халық табысының өсуі аясында халық пен бизнес тарапынан сұраныстың өсуі де ықпал ететін болады.

ЕДБ кредиттеудің орташа жылдық өсу қарқыны болжамды кезеңде 12,8 % деңгейінде күтіледі, 2029 жылға қарай номиналды мәнде 57,5 трлн теңгеге дейін өседі.

2030 жылға дейінгі ақша-кредит саясаты стратегиясына сәйкес ақша-кредит саясатының мақсаты орта мерзімді перспективада инфляцияны 5 %-ға жақын тұрақтандыру болып табылады.

Төлем теңгерімі көрсеткішінің болжамы

Болжам бойынша тауарлар **экспорты** 2025 жылғы 82,3 млрд АҚШ долларынан 2029 жылы 90,0 млрд АҚШ долларына дейін өседі.

Тауарлар экспортының траекториясы мұнай компонентімен алдын ала белгіленуді жалғастырады. Мұнайға қатысты емес экспорттың қалыпты өсуі негізінен металл бағасының болжамды өсуімен қамтамасыз етіледі.

Болжанатын кезеңде **импорт** 2029 жылы 67,5 млрд АҚШ долларына жетеді.

Импорттың өсуі халық пен бизнестің шетелдік тауарларға сұранысының артуына байланысты болады.

Әлеуметтік сала көрсеткішінің болжамы

Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру орта мерзімді перспективада еңбек ресурстарының сапалы өсуіне ықпал етеді.

Орта мерзімді кезеңде кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 5 %-ке дейін төмендейді, күнкөріс деңгейі 56 460 теңгеге дейін ұлғаяды.

2024 жылдан бастап ең төменгі жалақы мөлшері – 85 000 теңге деңгейінде тұр.

III. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары

Орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясаты экономиканың нақты өсуін қамтамасыз ету және қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын қайта құру негізінде жатқан және даму басымдықтары мен күтілетін нәтижелерде көрініс тапқан қағидаттарды ұстанатын болады.

Экономикалық модельдің құрамдас бөлігі индустриялық әртараптандыру және экономиканың барлық секторларының әлеуетін ашу болады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін барлық қабылданатын шаралар макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, технологиялық жаңғыртуға, цифрландыруға, бизнес ортаны және адами капиталды жақсартуға, теңгерімді өңірлік дамуға бағытталатын болады.

Макроэкономикалық тұрақтылық

Ұлттық экономиканың даму тұрақтылығын қамтамасыз ету, оның өсу әлеуетін қалыптастыру және ел халқының өмір сүру сапасын жақсарту макроэкономикалық саясаттың басты міндеті болып қала береді.

Макроэкономикалық тұрақтылық үйлестірілген ақша-кредит және салық-бюджет саясаты, тұрақты қаржы жүйесі есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Бюджет саясаты

Бюджет саясатының негіздері басты құжаттар – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында (*бұдан әрі – Тұжырымдама, ҚР Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығы*) және әзірленіп жатқан жаңа Бюджет кодексінің жобасында қаланды.

Бюджет ережелерін қатаң сақтауға, Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру мен пайдалануға қойылатын талаптарды күшейтуге, кіріс базасын нығайтуға және есептілікті қамтамасыз етуге, мемлекеттік шығыстарды оңтайландыруға және оларды басым бағыттарға шоғырландыруға, мемлекеттік қаржы мен басқаруды шоғырландыру негіздерін кеңейтуге негізделген салық-бюджет саясатын жүргізу үшін берік негіздер құру жалғастырылады.

Бұл ретте Тұжырымдамаға сәйкес экономикалық өсімнің төмендеуіне, бюджеттің өзіндік кірістерімен жабылмайтын мемлекет міндеттемелерінің өсуіне әкеп соқтырған дағдарыстық және төтенше жағдайлар туындаған кезде, келесі үш жыл ішінде бастапқы нысаналы бағдарға қайтару жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлей отырып, бюджеттік қағидалардың нысаналы бағдарларын түзетуге жол беріледі.

Бұл ережелер блоктық бюджет пен нәтижелерді басқару құралдары (мониторинг, шығыстарды шолу, нәтижелерді бағалау) есебінен бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралармен сүйемелденеді.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес, жаңа Бюджет кодексінің жобасында нақты құралдар: бюджет шығыстарына шолу, мониторингтің рөлін күшейту және

нәтижелерді бағалаудың қолданыстағы жүйесі нәтижелерінің қолданылуын қамтамасыз ету көзделеді.

Бұл құралдарды енгізу:

аудит, мониторинг, шығыстарды шолу нәтижелерін қолдану арқылы мемлекеттік жоспарлау және бюджет жүйесінің құжаттарын жоспарлау кезінде уәкілетті органдардың да, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің де талдамалық жұмысын күшейтуге;

бағалауды жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін олардың аяқталуының бірыңғай мерзімін белгілеу арқылы ретке келтіруге;

бюджет шығыстарын жоспарлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің нақты қаржылық мүмкіндіктерін айқындау және мемлекеттік қаржыны басқаруда дәйекті шешімдер қабылдау мақсатында бюджет саясаты мемлекеттің активтері мен міндеттемелерін толық шоғырландыруға бағытталған.

ЭЫДҰ мүшелігіне Қазақстанның енуі бойынша міндеттер шеңберінде ХВҚ Қазақстан Үкіметінің бастамасы бойынша 2023 жылы квазимемлекеттік сектордың және бюджеттен тыс қорлардың активтері мен міндеттемелерін қосу есебінен қаржылық есептілікте көрсетілетін институционалдық қамтуды және баланстық позицияларды кеңейту қажеттігін растайтын салық-бюджет ашықтығына бағалау жүргізілді.

Осыны ескере отырып, мемлекеттік секторды кеңейту есебінен толық қамтуды қамтамасыз ету, соның ішінде ақпараттық базаны қалыптастыру және белгіленген өлшемшарттарға сәйкес мемлекеттік басқару секторына енгізуге жататын заңды тұлғаларды іріктеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Парафискалдық төлемдерді жүйелеу және оңтайландыру мен оларды бюджетке есептеу не оларды басқару тәсілін айқындау туралы шешім қабылдау үшін мемлекеттік органдар кейіннен парафискалдық төлемдер тізілімін қалыптастыра және жүргізе отырып, кешенді түгендеу жүргізетін болады.

Бұл парафискалдық төлемдер жүйесін оңтайландыруға, кәсіпкерлер үшін парафискалдық ауыртпалықты қысқартуға және мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кейіннен республикалық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік және квазимемлекеттік секторларды, сондай-ақ Ұлттық қорды және бюджеттен тыс қорларды қамтитын мемлекеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасауға кезең-кезеңмен көшуді жүзеге асыру жоспарлануда.

Бұл мемлекеттік сектор операцияларының жіктелуін мемлекеттік қаржы статистикасы және Ұлттық шоттар жүйесі бойынша халықаралық стандарттардың талаптарымен одан әрі үйлестіру үшін, сондай-ақ бюджеттік (бухгалтерлік) есепке алу мен есептілікті және өзге де қаржылық есептілікті жүргізуге және жасауға бірыңғай талаптарды белгілеу үшін негіз болады.

Дәл осындай қаржы есептілігі елдің қаржылық жағдайының тұтас көрінісін қамтамасыз етеді.

Шоғырландырылған қаржы есептілігі институционалдық қамтуды кеңейту субъектілердің өндірістік және қаржылық қызметіне байланысты тәуекелдерді бағалауды талап етеді.

2022 жылдан бастап бюджеттік тәуекелдер және ұзақ мерзімді орнықтылық туралы талдамалық есеп жыл сайынғы негізде әзірленеді және Парламентке республикалық бюджет жобасымен бірге енгізіледі.

ХВҚ сарапшыларының техникалық қолдауымен бюджеттік тәуекелдер және ұзақ мерзімді тұрақтылық туралы талдамалық есебі квазимемлекеттік, қаржы секторларының, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің, ерекше тәуекелдердің, оның ішінде экологиялық тәуекелдер сияқты тәуекелдердің қосымша түрлерін қосу есебінен кеңейтілді.

Бұдан басқа, олардың шеңберінде демографиялық бағалауды, көміртекті бейтараптық сценарийін ескере отырып, 2056 жылға дейінгі бюджеттік көрсеткіштерге сценарийлік талдау жүргізілді.

Бюджет саясатының одан әрі іске асырылуы Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының және Қазақстанның бюджет-салық саласындағы ашықтығын бағалау бойынша ХВҚ ұсынымдарын іске асыру бойынша және Жол картасының шараларымен үйлестірілетін болады.

Салық саясаты салық салу шарттарының тұрақтылығы мен ашықтығын, цифрлық технологияларды кеңінен пайдалана отырып, салық міндеттемелерін орындаудың қарапайымдылығын қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін жаңа Салық кодексінің жобасы әзірленуде, онда:

- салықтық әкімшілендіруді оңайлату және цифрландыру, фискалдық органдар мен салық төлеушілер арасындағы өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшу;
- салық төлеушілердің барлық санаттары үшін нақты секторға инвестицияларға арналған «әмбебап» ынталандыруды қамтамасыз ету;
- жеке тұлғаларға салық салудағы өзгерістер, бағалы қағаздармен операциялар бойынша жеке тұлғалардың кірістеріне салық салу тәртібін қайта қарау;
- «сән-салтанат» заттарына жоғарылатылған салық салу көзделген.

Салықтарды жинау, көлеңкелі экономика, формалды емес жұмыспен қамту, қолданыстағы арнайы салық режимдерінің кемшіліктері мәселелеріне ерекше назар аударылатын болады.

Ақша-кредит саясатының мақсаты елдегі бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Ұлттық банктің күш-жігері ұзақ мерзімді орнықты экономикалық өсу үшін жағдай жасауға ықпал ететін инфляция бойынша нысаналы бағдарға қол жеткізуге бағытталатын болады.

Ақша-кредит саясатының негізгі құралы инфляцияның нақты және болжамды деңгейіне және басқа параметрлерге байланысты белгіленген базалық мөлшерлеме болып қала береді. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер

экономиканың сыртқы және ішкі секторындағы ахуалдың одан әрі дамуына, инфляциялық күтулердің серпініне байланысты болады.

Инфляция бойынша таргетке қол жеткізу үшін Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарын ұстануды жалғастырады.

Валюталық саясат шеңберінде Ұлттық Банк теңгерімсіздіктердің жинақталуын болдырмай, сыртқы күйзелістерді жоятын және бір мезгілде елдің алтын-валюта резервтерін саналы пайдалануға мүмкіндік беретін икемді курс түзілімін ұстануды жалғастырады.

Жалпы алғанда, ақша-кредит саясатының ашықтығын арттыруға бағытталған шараларды қабылдауды жалғастырады. Белсенді коммуникация базалық мөлшерлеме бойынша шешімдерді және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін басқа да іс-шараларды түсіндіруді қамтиды.

Қаржы секторының сыртқы күйзелістерге тұрақтылығын арттыру мақсатында макропруденциалдық саясатты іске асыру, қаржы нарығының барлық секторларында тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген кешенді қадағалау процесін дамыту жалғастырылатын болады.

Базель банктік қадағалау комитетінің, Халықаралық сақтандыруды қадағалау қауымдастығының (IAIS), Халықаралық бағалы қағаздар комиссиясы ұйымының (IOSCO) негізгі қағидаттары мен ұсынымдарына сәйкес келетін қаржылық реттеу саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерді енгізу жалғастырылатын болады.

Тәуекелге бағдарланған қадағалау шеңберінде SREP (Supervisory Review and Evaluation process) және жүйелі AQR 2024 жылғы қорытындылары бойынша банктерге жеке капиталды қадағалау үстемесі қолданылады, экономикалық дамудың стрестік сценарийлері жағдайында ықтимал шығындарды жою үшін капиталға буфер енгізілетін болады. Бұдан басқа, банктердің климаттық тәуекелдерге ұшырауын бағалау тәсілдері және ESG-факторлар енгізілетін болады.

Тұтынушылық кредиттеуге байланысты және халықтың борыштық жүктемесінің шамадан тыс өсуінің тәуекелдерін шектеу бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Сонымен қатар шоғырландырылған қадағалауға байланысты мәмілелерді бақылау, сондай-ақ трансшекаралық ынтымақтастықты бақылау күшейтіледі, төлемге қабілетсіз банктерді реттеу, шұғыл өтімділікті ұсыну, сондай-ақ дағдарысқа қарсы басқару тетіктері жетілдірілетін болады.

Стрестік активтер нарығын дамытуға жәрдемдесу үшін проблемалық активтерді іске асыру бойынша цифрлық платформалар мен инфрақұрылым құру жалғастырылатын болады, цифрлық платформада банктер мен микроқаржы ұйымдарының стрестік активтерді сатуы бойынша талаптары белгіленетін болады.

Сақтандыру секторын дамыту және оның әлеуетін күшейту мақсатында сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың мүліктік мүдделерін қорғау күшейтіледі, сақтандыру өнімдерінің тізбесі кеңейтіледі және сақтандыру қызметтерін цифрландыру, ХҚЕС реттеушілік тәжірибесіне 17 «Сақтандыру

шарттары» және Solvency II еуропалық төлем қабілеттілігі стандарты элементтерін енгізу жалғастырылады.

Қор нарығын дамыту оның экономиканы қаржыландырудағы рөлін жандандыруға, институционалдық және бөлшек сұранысты күшейтуге, эмитенттерді қор нарығына шығуға ынталандыруға және ондағы ұсынысты арттыруға, нарық инфрақұрылымын және оны цифрландыруды одан әрі дамытуға бағытталатын болады. Бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың тәуекелдерін және олардың қаржылық тұрақтылығын бағалау, бағалы қағаздар нарығындағы жосықсыз практикалардың жолын кесу рәсімдерін және осы бағыттағы тәсілдерді жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасады. Сондай-ақ инвесторлардың құқықтарын тиімді қорғау бойынша шаралар күшейтіледі.

Экономика салаларын дамыту

Қызмет көрсету секторына мультипликативтік әсері бар өндеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешенге баса назар аудара отырып, әртараптандырылған экономика құру экономикалық саясаттың басымдығы болып қала береді.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік саясаты өзектендірілген АӨК дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған тұжырымдама (бұдан әрі – *АӨК тұжырымдамасы*) шеңберінде іске асырылатын болады.

АӨК тұжырымдамасында агротехнологияларды енгізу және ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігін арттыру, егістерді жедел әртараптандыру, жаңа өнімді сұрыптарды шығару және өсіру, фермерлерді отандық тұқымдармен қамтамасыз ету тәсілдерді өзгертілді.

Отандық өндірісті дамыту және ішкі нарықты тауарлармен қанықтыру мақсатында АӨК инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі таратылады.

Сондай-ақ Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы вертикалды интеграцияланған технологиялық хабқа трансформация жүргізілетін және Азық-түліктік келісімшарт корпорациясының рөлі, оның ішінде қазақстандық астықты экспортқа шығару және тауар интервенцияларын жүргізу бойынша рөлі күшейтілетін болады.

АӨК-де қадағалау жүйесі енгізіледі және ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыру жөнінде шаралар қабылданады.

Жалпы АӨК тұжырымдамасын іске асыру:

- отандық тұқымдармен қамтамасыз ету деңгейін 80 %-ға дейін;
- 1,4 млн га дейінгі аумақта су үнемдеу технологияларын енгізуді;
- минералды тыңайтқыштарды енгізуді нормадан 50 %-ға дейін;
- ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынын жылына 10 %-ға дейін;
- суды көп қажет ететін және монодақылдардың алаңын қысқарту есебінен жоғары рентабельді дақылдар алқабын ұлғайтуды;
- саладағы еңбек өнімділігін үш есеге (2020 жылмен салыстырғанда);
- бидай өнімділігін 2030 жылда 20 ц/га-ға;
- АӨК-тегі өңделген өнімнің үлесін 2026 жылға қарай 70 %-ға;
- АӨК өнімінің экспортын 3,5 есеге;

- негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін 4,2 есеге дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Геология саласын дамыту саясаты геологиялық барлауға жеке инвестициялар ағынын ынталандыру, саладағы құзыреттер мен ғылыми практика деңгейін арттыру үшін құрылған Ұлттық геологиялық қызметтің базасында институционалдық, ғылыми-ақпараттық және ұйымдастырушылық мәселелерді шешуге бағытталатын болады.

Мұнай-газ секторын дамыту ірі кен орындарында мұнай өндіру көлемін арттыруға, сондай-ақ ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз етуге, мұнай тасымалдаудың экспорттық бағыттарын әртараптандыруға бағытталған.

Газ саласындағы басты басымдықтар Қазақстан Республикасының аумақты одан әрі газдандыру және ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету болып табылады. Ресурстық базадағы артып келе жатқан қажеттілікті жабу жаңа кен орындарын пайдалануға беру және газ өңдеу қуаттарын кеңейту есебінен күтілуде.

2023–2027 жылдарға арналған ірі мұнай-газ және мұнай-газ химиясы жобаларын дамыту жөніндегі кешенді жоспар мұнай-газ жобаларын іске асыруды мониторингілеу және басқару құралы болады.

Қазақстан Республикасын газдандырудың 2023–2030 жылдарға арналған бас схемасы магистральдық газ құбырларының транзиттік қуаттарын және олардың экспорттық әлеуетін дамытуға, өз ресурстары есебінен газбен жабдықтау қажеттілігін қамтамасыз ету, бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құру арқылы халықты газбен қамтуды ұлғайтуға бағытталады.

Энергетикалық қуатты дамытуды нысаналы пайымдау электр энергиясын генерациялауға, жаңа электр станцияларын салуға және қолданыстағы қуаттарды қолдауға бағытталған. Энергетикалық кешенді жоспарлы орнықты дамыту жөніндегі жұмыс 2035 жылға дейінгі энергетикалық теңгерім шеңберінде жүргізілетін болады, оған сәйкес жаңа қуаттылықтардың шамамен 2 есеге өсуі күтіледі.

Бұдан басқа, Батыс және Оңтүстік аймақтардың энергия жүйесін күшейту есебінен Біртұтас энергия желісін қалыптастыруды аяқтау, елдің энергия қауіпсіздігін арттыру мақсатында электр желілерін жанғырту және салу, Батыс Қазақстан жүйесін Қазақстан Республикасының біртұтас энергия желісімен біріктіру жүзеге асырылады.

Индустриялық саясат геосаяси және экономикалық процестердің өзгеруіне бейімделе алатын өңдеу секторы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру жағдайларын жасауға бағытталған.

Экономиканы әртараптандыру жаңа өндірістік қуаттарды ашу, жоғары қайта бөлу салаларын жедел дамыту, шикізаттық емес экспортты ұлғайту және шикізаттық емес секторларға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту есебінен жалғастырылатын болады.

Мемлекеттік өнеркәсіптік саясат Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

шеңберінде іске асырылатын болады. Индустрияландырудың мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары технологиялық прогрессивті өнеркәсіпті құру, негізгі қорларды жаңғырту, жеткізудің жаһандық тізбегіне енгізуге бағдарлана отырып, орта және жоғары қайта бөліністер өнімдерін жасауға бағдарланған кәсіпорындарды цифрлық трансформациялау болып табылады.

Қара металлургияда дамудың басымдықтары ауыр машина жасау үшін магний-хромдық болат қорытпаларын қолдана отырып, композиттік қорытпалардың жаңа түрлеріне, **түсті металлургияда** автомобиль жасау мен авиация өнеркәсібінде қолдануға арналған титан мен кремний қосылған алюминий қорытпалары өндірісіне басымдық беріледі.

Сирек және жерде сирек кездесетін металдар саласын дамытудың 2024–2028 жылдарға арналған кешенді жоспарында сирек металдар мен жерде сирек кездесетін металл саласын біртіндеп реформалаудың және кешенді дамытудың негізгі тәсілдері айқындалды.

Машина жасау саласында жалпы қосылған құн 2021 жылғы деңгейге қарағанда 2028 жылы 4,5 есе өседі. Саланы дамытуға отандық өндірушілерді қолдауға және елдің машина жасау саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған Машина жасау саласын дамыту жөніндегі 2024–2028 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру ықпал ететін болады.

Көмір өнеркәсібінде жаңа бағыттар дамитын болады, көмірді байыту және тереңдетіп қайта өңдеу бойынша заманауи технологиялар енгізіледі.

Химия өнеркәсібінде агрохимияны дамыту жалғасатын болады. Азотты тыңайтқыштар мен полимерлер өндірісі перспективалы бағыттар болып қала береді.

Құрылыс саласында құрылыс материалдарының бәсекеге қабілетті отандық нарығын қалыптастыруға баса назар аудару қажет екені айқындалды.

Ішкі нарықты отандық өндірістің неғұрлым сұранысқа ие құрылыс тауарларымен (санфаянс, ламинатталған жабын, шыны жүн, керамикалық тақталар, ішкі есіктер, жылу оқшаулағыш материалдар) қамтамасыз ету, сондай-ақ әлемдік нарықта сұранысқа ие бірегей сипаттамалары бар Қазақстанда өндірілетін тауарларды ілгерілету жөніндегі жұмыс жалғасатын болады (мысалы, хризотил және хризотилцемент бұйымдарын өндіру).

Фармацевтика саласын дамыту қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және жаңа өндірістер салу, саланы кадр ресурстарымен қамтамасыз ету және жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту есебінен елдің отандық дәрілік препараттарға қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталатын болады.

Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен (Big Pharma) ынтымақтастық және инвестициялар тарту, отандық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндірісіне технологиялар мен жаңа әзірлемелерді трансферттеу жөніндегі белсенді шаралар оның көлемін ұлғайтуға ықпал ететін болады.

Болашақта **жеңіл өнеркәсіпті** дамыту маркетинг, дизайн, дистрибуцияға, сондай-ақ дайын өнімді, киім мен аяқ киім саласындағы ұлттық брендтерді өндіруге бағытталатын болады.

2029 жылға дейін **көлік инфрақұрылымын** дамыту шеңберінде ақылы болуын кезең-кезеңмен енгізе отырып, автожолдар салынады және реконструкцияланады.

Жүктерді көліктік тасымалдауды қамтамасыз ету үшін теміржол саласында 4 ірі инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жалғасуда (Достық-Мойынты, Алматы айналмажол, Дарбаза-Мақтаарал, Бакты-Аягөз), сондай-ақ Каспий теңізінде теңіз инфрақұрылымын салу (Ақтау и Құрық порттары).

Авиация саласында әуежайлардың жерүсті инфрақұрылымын жақсарту, авиациялық тасымалдардың қауіпсіздігі мен оларға қызмет көрсету стандарттарын арттыру мақсатында 2029 жылға дейін 16 әуежайдың жерүсті инфрақұрылымын, 18 әуеайлақтың ұшу-қону жолағы мен рулеж жолдарын қайта құру жобалары іске асырылуда.

Жалпы, Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит көлемі 33,8 млн тоннаға жетеді, оның ішінде контейнерлер 1 865 мың ЖФБ. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдары сапасының деңгейі 2029 жылы 100 %-ға дейін және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының 95 %-ға дейін артады.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде **туристік** саладағы жұмыспен қамту 2029 жылға дейін 800 мың адамға дейін артады.

Халықтың көп бөлігі арасында кәсіпкерлік қызмет мәдениеті, отбасылық, шағын және орта бизнесті жүргізу, оның ішінде басым туристік аумақтарда зәкірлік туристік жобаларды іске асыру есебінен дамитын болады.

Мемлекет салаға инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасайды, оның өсуі тұру және тамақтану көрсетілетін қызметтерінде шамамен 260 млрд теңгеге жетеді.

Басым туристік аумақтар сапалы инженерлік-көліктік және туристік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілетін болады. Әуежайларды, теміржол вокзалдары мен автостанцияларды қоса алғанда, туристің жүру жолында жайлылық, сондай-ақ туристік объектілерге қолжетімділік қамтамасыз етіледі, жол бойындағы сервистің заманауи объектілері орнатылатын болады.

Көлік-логистикалық инфрақұрылымның барлық негізгі объектілерінде Интернет желісіне қол жеткізумен мобильді байланыс желісімен тұрақты қамту қамтамасыз етіледі, бұл туристер үшін цифрлық онлайн-сервистердің кең желісін ұсынуға мүмкіндік береді.

Негізгі туристік дестинацияларға еліміздің барлық өңірлерінен ұшулар реттеліп, елдің курорттық аймақтарына апаратын бағыттар бойынша жолаушылар вагондарының саны артатын болады.

Сауда саласын дамытудың мақсаты нарықты сапалы өніммен қанықтыруды және экспорттық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін заманауи сауда жүйесін құру және дамыту болып табылады.

Көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, сауданың әртүрлі форматтарын

(сауда желілері, нарықтар және өркениетті сауданың басқа да форматтары) дамыту және ішкі сауда саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін мемлекет пен бизнестің әріптестігі негізінде дамуды ынталандыруға бағытталған саланы қаржылық және қаржылық емес қолдаудың мемлекеттік саясаты қайта қаралатын болады.

Бақылаудың ақпараттық жүйесі (өндірістен бастап сөреге дейінгі толық циклді ЭМАТ қадағалау мен таңбалаудың ақпараттық жүйесі) болып табылатын тауарларды бақылаудың ұлттық жүйесі құрылды және ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу нарығын едәуір кеңейту үшін бірыңғай экожүйені құра отырып, елдің сауда инфрақұрылымына интеграцияланады.

Сауда желілеріндегі сөрелерде өкілдігін кеңейту, сондай-ақ «Қазақстанда жасалған» таңбасын белгілеу бөлігінде отандық өндірушілерді қолдау және қорғау жалғастырылады.

Бұдан басқа, биржалық сауданы одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешені іске асырылатын болады.

Жоспарлы жұмыс электрондық сауданы дамыту бойынша үш негізгі бағыт – ШОБ субъектілерін онлайн бизнеске көшуге ынталандыру, жеткізу қызметі мен логистикалық сервистерді дамыту, сондай-ақ трансшекаралық электрондық сауданы дамыту бойынша жүргізілетін болады.

Шикізаттық емес экспортты дамыту шеңберінде қазақстандық экспорттаушылар үшін өтем, сақтандыру, кепілдік беру және субсидиялау арқылы, сондай-ақ қаржылық емес құралдар, қолдау бағдарламалары арқылы қаржылық қолдау көрсету, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелерін тарту, экспорттық әлеуеті жоғары қызметтерді дамыту, қауіпсіздік пен сапаның халықаралық талаптарына жауап беретін жаңа ұлттық стандарттарды қабылдау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Бизнес-ахуал және бәсекелестік

Экономикалық өсу драйверлерінің және азаматтардың әл-ауқатын арттыру көздерінің бірі кәсіпкерлікті одан әрі дамыту болып табылады.

Кәсіпкерліктің барынша еркін болуын қалыптастыру үшін өзекті емес және негізсіз реттеу талаптары бизнеске арналған жаңа ықшамды және түсінікті қағидаларға ауыстыра отырып қысқарту жалғасады, «таза парақтан» толыққанды реттеу енгізілді.

Реттеушілік талаптарды қоса алғанда, мемлекеттің бизнеспен өзара іс-қимылының барлық рәсімдері әртүрлі мемлекеттік дерекқорларда бар әрбір бизнес бойынша ақпаратты қамтитын Бизнесінің цифрлық картасын жасау арқылы цифрландырылатын болады.

Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жаңа құрылымы «лифт» қағидаты бойынша нақты ШОБ субъектісі дамуының өмірлік кезеңіне байланысты мемлекеттік қолдаудың сараланған шараларын білдіреді.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу мен ынталандыру шаралары бизнесті дамытудың барлық сатыларында оның үздіксіз дамуын қамтамасыз етуге бағытталатын болады, бұл кейіннен шағын бизнестің едәуір бөлігінің орта және

орта санатқа ірі бизнеске көшуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдау құралдарына қолжетімділік ашық және объективті рейтингтер мен өлшемшарттар негізінде цифрлық шешімдерді пайдалану арқылы ұсынылатын болады. Бұл транзакциялық шығындарды айтарлықтай азайтады, шешім қабылдаудың ашықтығын арттырады және әкімшілік кедергілерді қысқартады.

Технологиялық, өнімділік және экспортқа бағдарлану, өсуге әлеуеті бар шағын және орта бизнес басымдыққа ие болады.

Бәсекелестікті қорғау саласындағы саясаты жетілдіру адал бәсекелестікті дамытудың негізін қалаушы қағидаттарды қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылатын болады.

Жаңа бәсекелестік саясатының маңызды ерекшелігі нарық субъектілерін бәсекелестік мінез-құлыққа ынталандыратын «ex-ante» шараларын белсенді пайдалану болып табылады.

Монополияға қарсы органның қызметіне назар бәсекелестікті қорғау саласындағы бұзушылықтардың алдын алуға бағытталатын болады.

Тиімді және салмақты жекешелендіруді қамтитын экономиканы мемлекеттен шығару процесі жеделдетіледі.

Кәсіпкерлікке мемлекеттің қатысу негіздері қысқартылатын болады. Оның тиімділігін арттыру мақсатында жекешелендіру тетігі бәсекелестік саясаттың басымдығын ескере отырып, жекешелендіру процесінде монополияға қарсы талдаудың рөлін күшейту, жекешелендіру процесінің ашықтығы мен транспаренттілігін қамтамасыз ету бөлігінде қайта қаралатын болады. Жасанды монополияларды жою жолымен одан әрі мемлекет иелігінен алу жеке бастаманы ынталандыру жолымен салауатты бәсекелестікті қамтамасыз етуге тиіс.

Квазимемлекеттік сектор мен жеке бизнес арасында біртекті бәсекелестік ортаны қамтамасыз ету, ЭЫДҰ елдерінің озық тәжірибесін қолдана отырып, «бәсекелестік бейтараптық» қағидатын іске асыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

IT-құралдар арқылы «Open Markets» қағидаттарын енгізу бәсекелестікті дамытудың маңызды бағыттарының біріне айналады. Бұл салаға жаңа жеткізушілердің кіру шарттарын жеңілдетеді және сатып алушыларға тиімді ұсыныстар іздеуге мүмкіндік береді.

Бәсекелестікке әсерді бағалау мақсатында тауар нарықтарын реттеу саясатын әзірлеу, қайта қарау немесе өзгерту үшін мемлекеттің араласуының бәсекелестік салдарына талдау жүргізілетін болады.

Биржалық саудаға монополияға қарсы талаптардың сақталуын мониторингтеу жер қойнауын пайдаланушылардың ресурстарына тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сатушылар мен сатып алушылардың шексіз тобының сауда-саттыққа бір мезгілде қатысуы есебінен нарық қатысушыларын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сенімді баға индикаторлары бар нарықтық баға белгілеудің ақпараттық жүйесі қалыптасады, биржалық тауарлар тізбесін кеңейту және сауда-саттық

көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

«Инвестициялар орнына тариф» бағдарламасын іске асыру жалғасады, оның шеңберінде электр энергиясын өндіруші салалар мен табиғи монополиялардың күрделі мәселелері шешілетін болады. 61,9 мың шақырым инженерлік желілерді жаңғыртуға 3 трлн теңгеге жуық инвестиция тартылатын болады.

Бұл ретте табиғи монополиялар субъектілері қабылдаған міндеттемелерге мониторинг жүргізу арқылы тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ тарифтерді белгілеудің бүкіл процесінің айқындығын, ашықтығын, есептілігін және жариялылығын арттыру бойынша шаралар қабылданады.

Елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылымын қалпына келтіру және дамыту үшін:

- инвестицияларды қонымды мерзімде қайтаруға және инфрақұрылым объектілерінің тиісті жағдайын сақтауға бағытталған ұзақ мерзімді тарифтерді енгізуді;
- табиғи монополиялар субъектілерінің тарифке белгілі бір пайда мөлшерлемесін енгізуге рұқсат беруді;
- барлық процестерді толық цифрландырылуын қамтамасыз етуді;
- ресурстарды есепке алу жүйесін енгізу мен деректерді онлайн тасымалдауды;
- барлық процестерді жеңілдету және автоматтандыру арқылы мұқтаж тұтынушыларға мақсатты субсидиялар беруді қамтитын іс-шаралар кешені бағытталған.

Инвестициялық тартымдылық

Мемлекеттік инвестициялық саясат сапалы шетелдік және ішкі инвестицияларды тарту арқылы ел экономикасының орнықты дамуына жәрдемдесуге, соның салдарынан экономикалық белсенділік пен халықтың табысының өсуіне, оның ішінде инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарын құру жолымен жәрдемдесуге бағытталатын болады.

Қолайлы инвестициялық ортаны нығайту жөніндегі жұмыс инвестициялық саясаттың ашықтығын одан әрі арттыруға, әділ бәсекелестікті дамытуға және қорғауға, инвесторлар үшін «икемді» және «берік» инфрақұрылымды жақсартуға, сондай-ақ шағын және орта бизнесті нығайтуға бағытталатын болады.

Стратегиялық инвесторларды таргетті тарту және экономика салаларында жаңа экожүйелерді қалыптастыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Инвестицияларды тарту саясаты ESG, жаһандық энергетикалық және технологиялық ауысу талаптарын ескере отырып дамитын болады.

Бюджеттік инвестициялар үшін экономикалық өсуге және халықты жұмыспен қамтуға, сондай-ақ экономикада құрылымдық реформаларды жүзеге асыруға және әлеуметтік, индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды құру және халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік бастамаларға мультипликативті әсер ететін секторлардың

басымдығы болады.

Бюджеттік инвестициялардың басым бағыттары:

1. Экономиканың өзіне жеткіліктілігін арттыру және шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін экономиканың шектес салаларының экономикалық белсенділігін қолдау арқылы, оның ішінде өнеркәсіптік әлеуетті ашу, ауыл шаруашылығын, көлік-логистикалық кешенді, ТКШ дамыту жолымен экономиканы әртараптандыру және инфрақұрылымдық-инновациялық даму;

2. Су және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін дамыту және арттыру;

3. Табиғат құбылыстары мен техногендік авариялардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру арқылы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4. Білім және ғылым, денсаулық сақтау, туризм және жұмыспен қамту саласындағы ұлттық жобаларды қаржыландыру арқылы әлеуметтік саланы жаңғырту;

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын арттыру және мемлекеттік функцияларды, оның ішінде цифрландыру саласындағы жобаларды қаржыландыру есебінен іске асыру болып табылады.

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» және «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын біріктіру арқылы **МЖӘ саласындағы** нормативтік құқықтық реттеу жүйесін реформалау жүргізілетін болады.

Сондай-ақ МЖӘ шарттарының сыныптамасын жаңарту, бірыңғай тәсілдерді енгізу, мемлекеттік мүлікпен жасалған шарттардың басқа түрлерімен араласуға жақын шарттардың түрлерін алып тастау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Бұл жұмыс МЖӘ саласындағы келісімшарттық жұмысты басқару сапасын арттыруға, сондай-ақ заңнаманы дұрыс қолданбау прецеденттерін төмендетуге ықпал етуге тиіс.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің және МЖӘ шартын жеткіліксіз пысықтау салдарынан жобалардың орындалу мерзімінің бұзылуын азайту мақсатында МЖӘ-нің кейбір салалары мен түрлері бойынша МЖӘ порталына шарттық (келісімшарттық) талаптардың «конструкторы» енгізілетін болады.

Мемлекеттік әріптестің жауапкершілігін және шартты мемлекеттік міндеттемелердің нақты және жоспарланатын төлемдері туралы ақпараттың ашықтығын арттыру мақсатында МЖӘ жобалары бойынша шартты мемлекеттік міндеттемелерді есепке алу әдістемесі бекіту бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Сонымен қатар жоспарлау сапасын арттыру және МЖӘ жобаларын табысты іске асыру мақсатында мемлекеттік әріптестердің құзыреті арттырылады, сондай-ақ мемлекеттік әріптестер тарапынан МЖӘ жобаларын іске асыру мониторингінің процестері күшейтіледі.

Цифрландыру және инновация

Отандық IT-нарықты қолдау және дамыту мақсатында цифрлық технологиялардың ел экономикасына қосатын үлесін арттыру, IT-мамандарын даярлау үшін қолайлы жағдайлар жасау, оның ішінде заманауи бағдарламалау

мектептерін ашу жоспарлануда.

Өңірлерде инновациялық белсенділікті жандандыру үшін өңірлік IT-хабтар мен технопарктер ашылады, «IT-құмсалғышты» құру жұмыстары жүргізілуде.

Цифрлық саланың көрсетілетін қызметтері мен тауарларының экспортын ұлғайту мақсатында мемлекеттік қолдау жалғасады: IT-компанияларға консультациялар беру, оларды сыртқы нарықтарда ілгерілету үшін ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің шығындарын ішінара өтеу, Астана Хаб алаңында IT көрсетілетін қызметтері мен өнімдерінің экспортын арттыру үшін жеделдету бағдарламаларын іске қосу.

Биометриялық сәйкестендіру саласын дамыту, мемлекеттік және қаржылық қызметтерді көрсету кезінде жедел және қауіпсіз алмасуды, дербес деректерге қолжетімділікті қамтамасыз ету көзделуде.

Интернетке мобильді кеңжақты қолжетімділікті қамтамасыз ету, Интернетке қолжетімділік сапасына қанағаттанбау мәселесін шешу үшін 3G, 4G технологиялары мен Интернетке тіркелген қолжетімділіктің ең төменгі сапа параметрлерін бекіту бойынша жұмыс жалғасады.

2024–2025 жылдары облыс орталықтарында 5G желісін іске қосу жоспарлануда. 2027 жылға қарай әрбір республикалық маңызы бар қала мен астананы қамту 75 %-ды, облыс орталықтарын қамту 60 %-ды құрайды деп күтілуде.

Бизнесті инновацияларды енгізуге ынталандыру үшін, оның ішінде өңірлерде инновацияларды дамыту үшін «өсу нүктелерін» дамыту арқылы жағдайлар жасалады, онда инноваторларға орналастыру үшін аумақ ұсыныла отырып, әдіснамалық және білім беру қызметтерінің толық спектрі ұсынылатын болады. Бизнес-инкубаторларды, технопарктерді және инновациялық инфрақұрылымның басқа элементтерін дамыту жалғасады.

Инновацияларды қолдаудың барлық шараларын жинақтайтын, ұлттық инновациялық жүйеге қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процестерін цифрландыратын және жүргізіліп жатқан мемлекеттік технологиялық саясатты талдау мен бағалаудың сапалы құралдарын қамтамасыз ететін ұлттық инновациялық жүйенің «Бір терезесін» қалыптастыру жөніндегі жоба іске асырылатын болады.

Адами капитал

Адами капиталдың сапасы халықтың лайықты табысын қамтамасыз ету, білім беру жүйесін кешенді дамыту, ұлт денсаулығын қамтамасыз ету, бұқаралық спортты дамыту, елдің мәдени мұрасын сақтау және дамыту арқылы арттырылатын болады.

Әлеуметтік қамтамасыз ету саласы қазіргі жағдайларға бейімделіп, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексімен реттелетін болады.

Экономиканың нақты секторында жұмыс орындарын құруға, ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға, бизнестің мемлекет алдындағы қарсы міндеттемелерін орындау арқылы халықтың табысын арттыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған 2029 жылға дейінгі халықтың табысын

арттыру бағдарламасын іске асыру жалғастырылады.

Әлеуметтік төлемдерді индекстеу қамтамасыз етіледі және өтініш берушіден әлеуметтік қызмет көрсетудің анықтау нысанына көшу жүзеге асырылады.

Мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер бойынша дербестендірілген отбасының цифрлық картасы және әлеуметтік әмиян енгізілетін болады, олар проактивті форматта белгіленген әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктер беру арқылы отбасылардың әлеуметтік тәуекелдерінің алдын алу жүйесінің негізіне айналады.

Еңбек нарығында талап етілетін кәсіби дағдылар мен біліктіліктерді алу, кәсіпкерлікті дамыту және өз ісін ашу үшін жағдай жасау мақсатында жұмыспен қамту шараларының іске асырылуы жалғасатын болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жұмыспен қамтылған азаматтардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуге және мемлекет, жұмыс беруші мен қызметкер арасында жауапкершілікті тепе-тең негізде бөлуге бағытталатын болады. Ол үшін зейнетақымен қамсыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру жүйесіне еліміздің барлық азаматтарын қамту үшін параметрлік өзгерістер енгізу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Білім беру жүйесінде білім берудің барлық деңгейінде (*мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік*) білім беру бағдарламаларын жетілдіруге, ауыл мектептерін жаңғыртуға, мектептерді пәндік кабинеттермен жарақтандыруға, жастарды тегін ТЖКБ-мен қамтуды ұлғайтуға, кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрлар даярлауға, сондай-ақ білім беру сапасын бағалау жүйесін түрлендіруге ерекше көңіл бөлінетін болады. Сонымен қатар, жоғары кәсіби педагогтердің республикалық базаны құрумен педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы қамтамасыз етіледі, білім беру басқарушыларының кадрлық резервін қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мектепке дейінгі ұйымдарда 300 мыңнан астам жаңа орын, 50 балалар сауықтыру лагерін ашуға, ТЖКБ ұйымдары жанынан 100 бизнес-инкубатор құруға, 100 жаңа қосымша білім беру объектілерін салуға мүмкіндік береді. Бұл 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға тең қолжетімділікті және балаларды қосымша біліммен 100 % қамтуды қамтамасыз етуге, қала мен ауыл арасындағы алшақтықты қысқартуға, үш ауысымды және авариялық мектептерді жоюға және 1,5 млн оқушы орынды енгізуге, ТЖКБ ұйымдары түлектерінің 80 %-ын жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді.

Жоғары білім беру саласында шаралар жоғары білім берудің инфрақұрылым мен цифрлық архитектураны дамытуға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді интернационалдандыруға, үздіксіз білім беру жүйесін дамытуға және бейресми оқыту нәтижелерін тануға бағытталған болады. Бұдан басқа, сертификаттау жүйесін дамыту және халықты бейресми біліммен қамтуды кеңейту, азаматтардың цифрлық құзыреттерін арттыру,

білім беру сапасын арттыру, еңбек нарығының ағымдағы және болашақ сұраныстарын жауап беретін кадрларды даярлауды қамтамасыз ету басым болады. **Ғылымдағы** негізгі міндеттер ғылымды әкімшілендірудің жаңа моделін енгізу, зияткерлік әлеуетті нығайту, ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту, университеттік ғылымды және қолданбалы ғылымды дамыту, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың экожүйесін дамыту болады.

Денсаулық сақтау саласындағы саясат сапалы, қолжетімді медициналық көмек көрсетуге бағытталатын болады.

Е-СӨС электрондық платформасын құру негізінде халықтың денсаулық мәселелері бойынша сауаттылығын арттыруға және салауатты әдеттерді қалыптастыруға ерекше назар аударылатын болады.

Халықтың, ең алдымен жастардың репродуктивті денсаулығын жақсарту үшін отбасын жоспарлау, халықтың ментальді денсаулығын, оның ішінде жастардың денсаулық орталықтарының жұмысын жандандыру арқылы кәмелетке толмағандар арасында нығайту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Алғашқы медико-санитарлық көмек қызметі мен ауылдық денсаулық сақтауды дамыту көлік медицинасын жаңғырту, отбасылық медицинаны одан әрі дамыту, ынталандыратын қашықтықтан медициналық қызметтер спектрін кеңейту арқылы халықтың кең ауқымына көмек көрсетудің ұтқырлығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Шалғайдағы және қатынасуы қиын ауылдық жерлердің тұрғындары санитариялық авиация қызметтері арқылы сапалы және мамандандырылған медициналық қызметтермен, диагностикалық қызметтердің кең бейінімен жылжымалы медициналық кешендер қызметтерімен және бөлшек дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған жылжымалы дәріхана пункттерімен қамтуды ұлғайтумен қамтамасыз етілетін болады.

Медицина кадрларын даярлау сапасын арттыру үшін халықаралық стандарттар негізінде міндетті резидентурасы бар жоғары медициналық білім берудің интеграцияланған моделін және үштілділік негізінде орта медицина қызметкерлерін даярлау моделін дамыту жалғастырылады.

Ауылдық денсаулық сақтау саласында медицина кадрларының тапшылығын төмендету үшін жас мамандарды әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету және сұранысқа ие медициналық мамандықтар бойынша мамандар даярлау жұмысы жалғастырылады.

Сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарында мамандандырылған медициналық көмектің әлеуетін арттыру, қан айналымы жүйесі аурулары кезінде уақтылы және қолжетімді медициналық көмек көрсетуге, әртүрлі өңірлерінде халыққа онкологиялық көмек көрсету сапасын арттыру, балалар стационарлары мен босандыру ұйымдарының инфрақұрылымын және материалдық-техникалық базасын жақсарту назар аударылады.

Жыл сайын дамуында ақау бар және оның туындау қаупі бар 0-ден 3 жасқа дейінгі 10 мыңнан астам балалар үшін «Қамқорлық» ерте араласудың 17

орталығын ашу арқылы медициналық оналтумен қамту 50 %-ға дейін және мүмкіндігі шектеулі балалар үшін 2 есеге олардың қолжетімділігі ұлғайтылатын болады.

Мемлекеттік басқару жүйесі

Орта мерзімді перспективаға арналған мемлекеттік қызметті одан әрі дамыту векторы мемлекеттік аппаратты шамадан тыс бюрократиядан арылтуға, халықпен қарым-қатынас пен өзара іс-қимылды күшейтуге, мемлекеттік қызметке дарынды жастарды тартуға, меритократия қағидатын күшейтуге, кадрлық процестерді автоматтандыруға және персоналды басқару қызметтерін мемлекеттік органдардың кадрлық әлеуетін күшейтуге қайта бағдарлауға бағытталатын болады.

Мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқыту жүйесін енгізу, «Assessment-center» құру, «келісімшарттық» қызметшілер институтын енгізу, таланттарды іздеу және мемлекеттік секторға тарту, мемлекеттік қызметке іріктеудің және мемлекеттік қызметшілер қызметінің тиімділігін бағалаудың жаңа жүйесі, мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру, мемлекеттік органдарда корпоративтік басқару мен стратегиялық HR енгізу, кадр қызметтерін түрлендіру бойынша жобаларды іске асыру Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде қалады.

Өңірлік даму

«Агломерацияларды дамыту туралы» қабылданған Заң өңірлердің дамуына және ірі қалаларға қысымды азайтуға қосымша серпін береді. Жергілікті жүйе ретінде орталықтары Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Қарағанды қалаларында орналасқан бес агломерация айқындалды.

Бұдан басқа, елдің өңірлік саясаты ауылдық елді мекендерді дамыту тәсілдерінің тиімділігін арттыруға, өмір сүру сапасын жақсартуға және ауылдық жерлерде жайлы өмір сүру ортасын құруға бағытталатын болады.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында АӨК, ауыл шаруашылығы кооперациясын, ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту, әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды дамыту есебінен негізгі қызметтердегі сәйкессіздіктерді азайту, сондай-ақ ауылдық аумақтарды дамытуды институционалдық қолдау арқылы ауыл халқының табысын арттыру шаралары іске асырылатын болады.

Сонымен қатар «Ауыл аманаты» және «Ауыл – Ел бесігі», жеке тұрғын үй учаскелеріне микрокредит беру, сервистік-тұрмыстық кооперативтер құру, әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды дамыту бойынша жобаларды іске асыру жалғасатын болады.

Экономикалық интеграция

Сыртқы сауда саясатының негізгі мақсаты:

ДСҰ-ға мүшелік шеңберінде Қазақстан Республикасымен қабылдаған міндеттемелерді орындауға;

ЕАЭО және ДСҰ мүшелігі шеңберінде ұлттық мүдделерді қорғауға;

ДСҰ шеңберіндегі сауданы жеңілдетуге;

ЕАЭО шеңберінде үшінші елдермен еркін сауда туралы келісімдер жасасу бойынша келіссөздер жүргізуді жалғастыруға;

экспорттық қызығушылық тудыратын жаңа әріптестермен еркін сауда аймақтарын құрудың орындылығын зерттеуге;

ТМД-дағы еркін сауда режимін жетілдіру және тереңдетуге;

отандық өндірушілерді қолдау және тауарларды тұтынушыларды қорғау мақсатында кедендік-тарифтік, тарифтік емес реттеу шараларын, сондай-ақ демпингке қарсы, өтемақы және арнайы қорғау шараларын қолдану жөніндегі жұмысты жүргізуге;

үшінші елдер қорғау шараларына бастамашылық жасаған немесе енгізген жағдайда қазақстандық кәсіпорындардың мүдделерін қорғау жөніндегі жұмысты жүргізуге;

сыртқы сауданы реттеу және қараудың жеделдігін арттыру шараларын қабылдауға бағытталған ұлттық заңнаманы жетілдіруге бағытталған әлемдік сауда жүйесіне интеграциялау арқылы елдің экономикалық мүдделерін ілгерілету мен қорғаудың тиімді және жедел жүйесін құру болып табылады.

Сыртқы сауданы ілгерілету мақсатында халықаралық интеграция:

отандық тауарларды шет мемлекеттердің нарықтарына жылжыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оның ішінде үшінші елдермен еркін сауда аймағы туралы келісімдер жасасу арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, халықаралық сауда байланыстарын нығайту және дамыту;

ЕАЭО туралы шартқа сәйкес ЕЭО-ға мүше мемлекеттермен өзара тиімді ынтымақтастық құру бойынша тиімді саясат жүргізу, ЕАЭО-ның ішкі нарығындағы кедергілерді, алымдар мен шектеулерді анықтау және жою жөніндегі жұмысты жалғастыру арқылы жетілдірілетін болады.

IV. Мемлекеттік қаржының тұрақтылығы

Мемлекеттік қаржының тұрақтылығын бағалау

Бұл кіші бөлім бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді тұрақтылығы туралы талдамалық есепте көрсетілетін болады.

Жоспарлы кезеңге арналған бюджет параметрлерінің болжамы

2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлері бюджеттік қағидалардың сақталуын және бюджет шығыстарының әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына шоғырлануын ескере отырып айқындалған.

Мәселен, базалық сценарий бойынша Қазақстан экономикасын дамытудың болжамды сыртқы жағдайларын (*мұнайдың әлемдік бағасы барреліне 75 АҚШ доллары*) және 2025–2027 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын ескере отырып, республикалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есептемегенде) 2025 жылы 15 633,6 млрд теңгені, 2026 жылы 16 701,9 млрд теңгені, 2027 жылы 18 204,0 млрд теңгені құрайды.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт кесімді баға кезінде мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға болжанатын түсімдердің көлемінен аспайтын мөлшерде жоспарланған.


Мәселен, Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшері мұнайдың есептік бағасы («кесімді бағасы») қолданыла отырып, 2025–2027 жылдары 2 000 млрд теңге мөлшерінде айқындалды.

Республикалық бюджет параметрлерінде 6%-ға таргеттелген өсім кезінде экономика өсуінің баяулауын нивелирлеу мақсатында 2025 жылы Ұлттық қордан 3 250 млрд теңге мөлшерінде нысаналы трансферт тарту ескерілді.

Қаражат салықтық түсімдердің және ЖІӨ өсу қарқынының төмендеу тәуекелдері жағдайында өңірлік өсу деңгейін қолдауға және әлеуметтік маңызы бар және стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға бағытталатын болады.

Осылайша, мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шараларды ескере отырып, республикалық бюджеттің меншікті қаражатының үлесі 2027 жылы 76,9 %-ға дейін ұлғайта отырып, 2025 жылы 63,7 % деңгейінде болжанады.

4-сурет. Республикалық бюджет параметрінің теңгерімділігі бойынша ақпарат



Бюджет кодексіне сәйкес жоспарлы кезеңде республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны инфляция бойынша мақсатқа ұлғайтылған ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейімен шектелген.

Бюджеттік ережелер бойынша республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны 2025 жылы – 108,3 %, 2026 жылы – 108,7 %, 2027 жылы – 109,2 % құрайды.

Осыны ескере отырып, республикалық бюджет шығыстары абсолютті мәнде 2025 жылы – 25 750,1 млрд теңге, 2026 жылы – 23 167,9 млрд теңге,

2027 жылы – 24 565,9 млрд теңге болжанады. Орта мерзімді кезеңде ЖІӨ-ге қатысты орташа есеппен 14,6 % деңгейін құрайды.

2025 жылы бюджет тапшылығы 2026–2027 жылдары ЖІӨ-ге қатысты тиісінше 2,2 %-ға және 1,9 %-ға дейін төмендеп, ЖІӨ-ге қатысты 2,7 % деңгейінде айқындалды.

Мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейі 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 7,3 %, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 4,5 %, 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 4,0%-ға дейін төмендеу болжануда.

Мемлекеттік бюджет түсімдері мен шығыстарының жоспарлы кезеңге арналған болжамы


Болжам бойынша 2025 жылы мемлекеттік бюджет кірістері (трансфертті есепке алмағанда) 23 996,4 млрд теңгені құрайды, бұл ағымдағы жылғы нақтыланған жоспардан 2 186,0 млрд теңгеге немесе 10,0 %-ға артық. Жоспарлы кезеңде олардың 2027 жылға қарай 27 778,6 млрд теңгеге дейін немесе 15,8 %-ға өсуі күтілуде, ЖІӨ-ге қатысты 14,6 % деңгейінде болжануда.

Бюджет кірістерінің өсуі мемлекеттік бюджет кірістерінің орташа есеппен 96,9 %-ын иеленетін салық түсімдерінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Болжам бойынша салық түсімдерінің өсу қарқыны өткен жылға қарағанда 2025 жылы – 109,0 %-ды, 2026 жылы – 107,1 %-ды, 2027 жылы – 108,4 %-ды құрайды.

Жалпы мемлекеттік бюджет түсімдерінің жалпы көлемінің 2025 жылғы 29 419,5 млрд теңгеден 2027 жылы 29 833,6 млрд теңгеге дейін немесе 1,4 %-ға өсуі болжануда. Мемлекеттік бюджет түсімдеріндегі кірістердің (трансфертті есепке алмағанда) үлесі 2025 жылы 81,6 %-ды құрайды, 2027 жылы 93,1 %-ға дейін ұлғайтылады. Мемлекеттік бюджет түсімдеріндегі Ұлттық қордан берілетін трансферттердің үлесі 2025 жылы 17,8 %-ды құрайды, 2027 жылы 6,7 %-ға дейін төмендейді.


5-сурет. Мемлекеттік бюджет түсімінің болжамы



Мемлекеттік бюджеттің шығыстары 2025 жылы 33 519,5 млрд теңге, 2026 жылы – 31 478,2 млрд теңге, 2027 жылы – 33 519,7 млрд теңге көлемінде болжанады.

Бұл ретте оларды ЖІӨ-ге қатысты 2025 жылы 22,2 %-дан 2027 жылы 17,7 %-ға дейін төмендету жоспарлануда.


6-сурет. Мемлекеттік бюджет шығысының болжамы



Мұнайға қатысты емес сектордан түсетін кірістердің өсуі аясында Ұлттық қордан пайдаланылатын қаражаттың болжамды көлемі мемлекеттік бюджет түсімдерінің жалпы көлемінде Ұлттық қордан берілетін трансферттерді және шикі мұнайдың әкетілетін кедендік бажын қоса алғанда, мұнай кірістері үлесінің төмендеуіне ықпал ететін болады.


Мемлекеттік бюджет тапшылығы 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,7 %, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,2 %, 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 1,9 % деңгейінде болжануда. Тапшылықтың болжамды мөлшері елдің стратегиялық құжаттарында айқындалған нысаналы бағдарларға сәйкес келеді.

7-сурет. Мемлекеттік бюджет тапшылығы



Мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 7,3 %, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 4,5 %, 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 4,0 % деңгейінде болжанады.

8-сурет. Мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы



Мұнайға қатысты емес тапшылықтың 2025–2027 жылдары болжанатын серпіні Мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында белгіленген 2027 жылғы мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейін ЖІӨ-ге қатысты 5,9 %-ға дейін төмендету жөніндегі нысаналы бағдарларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Шоғырландырылған бюджеттің түсімдері мен шығыстарының жоспарлы кезеңге арналған болжамы

Шоғырландырылған бюджет параметрлері Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры мен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаты ескеріліп қалыптастырылды.

3-кесте. Шоғырландырылған бюджет болжамы, млрд теңге

Көрсеткіш атауы	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл
	бағалау	болжам		
Түсім	29 418,6	32 224,1	34 306,6	37 094,2
ЖІӨ-ге қатысты %	21,8	21,4	20,2	19,5
мұнай	6 300,0	6 533,0	7 217,6	7 401,2
мұнай емес	23 118,6	25 691,1	27 088,9	29 693,1
Шығыс	31 726,1	36 039,4	34 301,5	36 647,7
ЖІӨ-ге қатысты %	23,5	23,9	20,2	19,3
Шоғырландырылған теңгерім	-2 307,5	-3 815,3	5,0	446,6
ЖІӨ-ге қатысты %	-1,7	-2,5	0,0	0,2
Мұнай емес теңгерім	-8 607,5	-10 348,3	-7 212,6	-6 954,6
ЖІӨ-ге қатысты %	-6,4	-6,9	-4,3	-3,7

Мәселен, мемлекеттік бюджет, Ұлттық қор және екі бюджеттен тыс қорлардың түсімдері ескеріліп, шоғырландырылған бюджет түсімінің 2025 жылғы 32 224,1 млрд теңгеден 2027 жылы 37 094,2 млрд теңгеге дейін немесе 15,1 %-ға ұлғаюы болжануда.

Шоғырландырылған бюджет шығыстары 2025 жылғы **36 039,4** млрд теңгеден 2027 жылы **36 647,7** млрд теңгеге дейін немесе 1,7 %-ға өсумен болжанған.

Brent маркалы мұнайдың болжамды әлемдік бағасы барреліне 75 АҚШ долларын құраған кезде 2025–2027 жылдары шоғырландырылған бюджет балансы 2025 жылы ЖІӨ-ге -2,5% тапшылықпен және 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 0,003 %, 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 0,2% профицитпен болжанады, бұл бюджеттік шоғырландырудың оң серпінін және мемлекеттік қаржының орнықтылығын нығайтуды көрсетеді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 2025 жылы – 1 831,9 млрд теңге, 2026 жылы – 1 915,8 млрд теңге, 2027 жылы – 1 983,8 млрд теңге сомасында түсім болжануда. Қордың шығыстары 2025 жылы 1 642,5 млрд теңге, 2026 жылы – 1 819,2 млрд теңге, 2027 жылы – 1 985,0 млрд теңге сомасында болжанады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түсімдер 2025 жылы – 1 072,9 млрд теңге, 2026 жылы – 1 156,9 млрд теңге, 2027 жылы – 1 271,3 млрд теңге сомасында болжанады. Қордың шығыстары 2025 жылы – 1 041,2 млрд теңге, 2026 жылы – 1 156,9 млрд теңге, 2027 жылы – 1 271,3 млрд теңге сомасында болжанады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жоспарлы кезеңге арналған түсімдері мен шығыстарының болжамы

Ұлттық қордың параметрлері 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың инвестициялық табысының бір бөлігін балаларға төлеуді ескере отырып болжанады.


Күтілетін мұнай өндіру көлемін және Brent маркалы мұнайдың бір барреліне 75 АҚШ доллары деңгейіндегі болжамды әлемдік бағасын ескеріп, мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер болжам бойынша 2025 жылы – 4 883,3 млрд теңгені, 2026 жылы – 5 338,8 млрд теңгені, 2027 жылы – 5 506,8 млрд теңгені құрайды.

Ұлттық қордың активтерін басқарудан түсетін инвестициялық кіріс 3,03 % деңгейіндегі кірістілік кезінде 2025 жылы – 888,7 млрд теңге, 2026 жылы – 886,2 млрд теңге, 2027 жылы – 995,1 млрд теңге сомасында болжанады.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшерін мұнайдың есептік бағасы («кесімді» бағасы) кезінде болжанатын, мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер көлемінен аспайтын деңгейде айқындау нәтижесінде Ұлттық қордың қаражатын пайдалану 2025 жылы 5,4 трлн теңге, 2026 жылы 2,1 трлн теңге, 2027 жылы 2,2 трлн теңге жоспарланып отыр.


Ұлттық қорға түсетін таза түсімдер 2025 жылғы 458,8 млрд теңгеден 2027 жылы 4,5 трлн теңгеге өсуі болжанады.

9-сурет. Ұлттық қор түсімі мен пайдаланылуының болжамы



Қордың таза валюталық активтері 2027 жылдың соңында болжам бойынша 78,7 млрд АҚШ долларынан төмен болмайды (мұнайдың әлемдік бағасы бір барреліне 75 АҚШ доллары және Қордың 3,03 % деңгейіндегі кірістілігі кезінде).

10-сурет. Ұлттық қордың валюталық активтерінің болжамы



Ұлттық қордың таза қаражаты 2025 жылдың соңында 32,9 трлн теңге, 2026 жылы – 36,6 трлн теңге, 2027 жылы – 40,7 трлн теңге көлемінде күтілуде.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары әділ (нарықтық) құн бойынша ескерілді.

Жалпыұлттық басымдықтарды іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары

Шығыстардың өсу қарқынын шектейтін бюджеттік қағидалардың

қолданылуы «бюджетті басқару» қағидатынан «нәтижелерді басқаруға» көшуге сәйкес қол жеткізілген нәтижені ескере отырып, шығыстардың басымдылығын айқындауды алдын ала көздейді.

Республикалық бюджет шығыстарының 68 %-дан астамы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды іске асыруға бағытталған. Бұл – Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының, ұлттық жобалардың, тұжырымдамалардың, даму жоспарларының және т.б. ережелерін іске асыру.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес шығыстардың жаңа бастамалары тұрақты экономикалық өсуді 6-7 % деңгейінде қамтамасыз етуге және ұлттық экономика көлемін 2029 жылға қарай 2 есеге арттыруға бағытталатын болады.

Шығыстардың басымдығы экономиканың сапалы өсуіне, инвестицияларды ынталандыруға және өңдеу өнеркәсібі, машина жасау, АӨК және инфрақұрылым сияқты салаларды қаржыландыру құралдарын кеңейтуге, сондай-ақ тамақ өнімдерін, құрылыс материалдарын, жеңіл, химия және фармацевтика өнеркәсібі тауарларын өндіруде импортты алмастыру жөніндегі жобаларға бағытталумен айқындалатын болады.


Ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың болжамын қоса алғанда, мемлекет міндеттемелерінің параметрлері

Борыштық саясат бюджет тапшылығын қаржыландыру және елдің борышын қауіпсіз деңгейде ұстап тұру үшін қолайлы шарттарда үкіметтік қарыз алуды жүзеге асыруға бағытталған.

Республикалық бюджеттің жоспарланып отырған тапшылығын ескере отырып, мемлекеттік борышты 2025 жылғы 37 833,0 млрд теңгеден (ЖІӨ-ге 25,1 %) 2029 жылы 53 452,3 млрд теңгеге (ЖІӨ-ге 22,8 %) дейін кезең-кезеңімен ұлғайту болжанып отыр.

Бұл ретте мемлекеттік борыш деңгейінің болжамды мәндері Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта белгіленген ЖІӨ-ге қатысты 50%-дық шектен аспайды.

11-сурет. 2025–2029 жылдарға арналған мемлекеттік және үкіметтік борыштың болжамы




Мемлекеттік борыш құрылымында үкіметтік борыштың 2025 жылғы 32 843,6 млрд теңгеден (ЖІӨ-ге 21,8%) 2029 жылы 48 462,9 млрд теңгеге (ЖІӨ-ге 20,7 %) дейін ұлғаюы болжанады.

Валюталық тәуекелдерді болдырмау мақсатында қарыз алудың ішкі нарығы барынша пайдаланылатын болады.


Бұл ретте несие капиталының сыртқы нарықтарға шығуы ішкі нарықта өтімділік жеткіліксіз болған жағдайда жүргізіледі.

12-сурет. 2025–2029 жылдарға арналған ішкі және сыртқы үкіметтік борыштың болжамы



Елдің және квазимемлекеттік сектордың сыртқы мемлекеттік борышының деңгейін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасында мемлекеттік және квазимемлекеттік борыштың жоғарғы шектерін шектеу көзделген, олар жиынтығында ЖІӨ-нің 53,2%-ынан аспауға тиіс.

13-сурет. 2025–2029 жылдарға арналған мемлекеттік және квазимемлекеттік жиынтық борыштың болжамы



Осылайша, борыштың болжамды параметрлері белгіленген шектеулерден аспайды.

Қазақстан Республикасының 2025–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің, 2025–2027 жылдарға арналған Ұлттық қор және бюджет параметрінің болжамы осы Болжамның қосымшасында берілген.